



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӨЗГЕРІС – ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ЭЛЕМЕНТІ



Қазақстан өзінің саяси дамуының жаңа кезеңіне қадам басты, бұл еліміздің даму жолындағы жаңа сын-тегеуріндерге стандартты емес жауаптар іздеу қажеттігін білдіреді. Өзгерістер – дамудың маңызды элементі. Биылғы жыл – жан-жақты қайта құрулар мен нақты жаңару жылы болды. Жарияланған Президенттік сайлау бүкіл саяси жүйені түбегейлі қалпына келтіруге әкелетін сайлау цикліне бастау болады.

(Соңы 3-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

ҚАСІРЕТТІ ҚАҢТАР: РАҚЫМШЫЛЫҚТАН КІМДЕР ҮМІТТІ?

Таяуда Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауын жария етті. Онда «Мемлекет қаңтар оқиғасына қатысқан, бірақ ауыр қылмыс жасамаған азаматтардың жазасын жеңілдетті. Заң бұзғандардың бірқатары кінәсін түсініп, өткен іске өкініп отыр. Оларға кешіріммен қараған дұрыс деп ойлаймын. Сондықтан, мен қаңтар оқиғасына қатысушыларға бір реттік рақымшылық жариялау туралы шешім қабылдаймын», – деп халықты көптен бері күпті еткен толғақты мәселенің түйінін тарқатты.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы рақымшылық жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыруға қатысы бар адамдарға, сондай-ақ, мемлекетке опасыздық жасағаны және билікті күшпен басып алуға әрекеттенгені үшін айыпталғандарға қолданылмайтынын жеткізді. Рақымшылықтың лаңкестік және экстремистік қылмыс жасағандарға, рецидивистерге, жұртты азаптағандарға қолданылмауын түсінуге болады.

Президенттің бұл ұсынысы жақында заңдық күшке ие болмақ. Жалпы, рақымшылық сөзі грек тілінде – ұмыту, кешірім деген мағынаны

білдіреді. Ол, негізінен, қылмыс жасағаны үшін кінәлі адамдарға мемлекеттің тарапынан белгілі бір елеулі оқиғаларға байланысты қабылданатын арнайы шара дегенді білдіреді.

2 қараша күні Мемлекет басшысы қаһарлы қаңтар оқиғасына қатысушыларға рақымшылық жасау туралы заңға қол қойды. Әлбетте ең алдымен бұл жерде қылмыстық жауаптылықтан немесе негізгі жазадан босату үшін қылмыс санаттарын түсініп алу қажет. Себебі, ҚР Қылмыстық кодексінің 11-бабына сәйкес, қылмыстар сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесіне қарай онша

ауыр емес қылмыстар, ауырлығы орташа қылмыстар, ауыр қылмыстар және аса ауыр қылмыстар деп бөлінеді. Осы тұрғыдан, қылмыс жасағаны үшін Қылмыстық кодекс бойынша көзделген бас бостандығынан айыру 2 (екі) жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер онша ауыр емес қылмыстар деп танылады. Ал бас бостандығынан айыру 5 (бес) жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер ауырлығы орташа қылмыстар деп танылады. Сонымен қатар, кодексте бас бостандығынан айыру 12 (он екі) жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер ауыр қылмыстар деп танылса, 12 (он екі) жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қасақана жасалған іс-әрекеттер аса ауыр қылмыстар деп танылады. Яғни, «Рақымшылық жасау туралы» заң бойынша онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адамдар қылмыстық жауаптылықтан босатылады. Олар төмендегідей:

(Соңы 3-бетте)



ЕСІРТКІ ЗАТТАРЫН
ЗАҢСЫЗ САҚТАУ
ҚОҒАМҒА ҚАУІПТІ

2-бет



АДВОКАТ ПЕН ЗАҢ
КОНСУЛЬТАНТЫНЫҢ
ІС-ӘРЕКЕТІНЕ ШАҒЫМ
ЖАСАУ ТӘРТІБІ

4-бет



ТЕРГЕУ
АЯҚТАЛҒАН ЖОҚ

8-бет

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Мансұрхан МАХАМБЕТ,
Қазақстан Республикасы
Парламентаризм институтының
директоры:

«ТУРА СӨЗГЕ
ҰТЫЛҒАН ЖАҚ ТА,
ҰТҚАН ЖАҚ ТА
ТОҚТАЙДЫ»

– Мансұрхан Махамбетұлы, бүгінде халыққа не қажет деп ойлайсыз?
– Халықтың тек өмір сүру сапасын жақсарту керек. Одан басқа ештеңе қажет емес. Халық көп нәрсе сұрап отырған жоқ.

– Бұған қалай қол жеткіземіз? Президент сайлауы бұл мәселенің жалғыз шешімі ме? Қоғамда неге осы шараға жұмсалған қаражатты қазіргі қымбатшылықты еңсеруге, экономикадағы қордаланған мәселелерді шешуге бағыттамақса деушілер аз емес. Әркімнің өз шындығы бар ғой. Десе де, жұртшылық үшін өздеріңіз секілді көзқарақты жандардың пайымы маңызды.

– Бұл жерде сұрақ өте көп. Олардың жауабы Президенттің сайлауалды бағдарламасында тұр.

(Соңы 5-бетте)

ЕСІРТКІ ЗАТТАРЫН ЗАҢСЫЗ САҚТАУ ҚОҒАМҒА ҚАУІПТІ

Елдегі қазіргі есірткі жағдайы героин, кокаин сияқты жоғары концентрациясы бар есірткінің, синтетикалық есірткі заттарының, амфетаминдер, психотроптық препараттар сияқты стимуляторлардың заңсыз айналымы мен медициналық емес тұтыну ауқымының өсуімен, сондай-ақ, олардың мемлекет қауіпсіздігіне, ел экономикасына және халықтың денсаулығына елеулі қатер төндіретін (АИТВ-инфекциясының, вирустық гепатиттің таралуы, тәуелділік, т.б.) әсерімен сипатталады.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2022 жылдың 9 айында 127480 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,8%-ға артқан, оның ішінде есірткіге байланысты (ҚК-тің 296-303-баптары) 5570 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген. Бұл аз көрсеткіш емес.

Есірткі заттарының заңсыз айналымына байланысты қылмыстардың қоғамдық қауіптілігі, ең алдымен, оларды жасау нәтижесінде халықтың генофонды нашарлауынан көрінеді. Сондықтан «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» 1998 жылғы 26 маусымдағы заңында есірткі құралдарының заңсыз айналымы адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қорғалу дәрежесінің төмендеуіне ықпал етіп, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіреді деп танылуы кездейсоқ емес.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 11-тарауында (Халық денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар) есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту; не өткізу мақсатынсыз олармен заңсыз жұмыс істеу; жымқыру не қорқытып алу, тұтынуға көндіру, насихаттау немесе заңсыз жарнамалау, құрамында есірткі заттар бар, өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді

заңсыз егіп-өсіру не оларды тұтыну үшін притондар ұйымдастыру немесе оларды ұстау және осы мақсаттар үшін үй-жайлар беру әрекеттері үшін қылмыстық жауаптылық көзделген. Бұл қылмыстардың объектісі – халықтың денсаулығы.

Есірткі заттары – Қазақстан Республикасының заңнамасына, 1961 жылғы Есірткі заттар туралы бірыңғай конвенцияға түзетулер енгізу жөніндегі 1972 жылғы Хаттамаға сәйкес енгізілген түзетулерімен қоса 1961 жылғы Есірткі заттар туралы бірыңғай конвенцияға сәйкес бақылау жасалуға жататын Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген шығу тегі синтетикалық немесе табиғи заттар. Бұл заттардың төрт белгісі бар. Медициналық белгісі есірткінің орталық жүйке жүйесіне әсер ету және есірткіге мас болу қабілетімен, ал жүйелі тұтыну кезінде психикалық және физикалық тәуелділікпен (нашақорлықпен) сипатталады. Құқықтық белгі халықаралық-құқықтық немесе мемлекетішілік нормативтік актілерде қамтылған тізімдердегі есірткілер туралы міндетті нұсқауды білдіреді. Яғни, Қылмыстық жауаптылық Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 3 шілдедегі №470 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне» енгізілген сол есірткі, психотроптық заттар мен сол тектестердің заңсыз



айналымы үшін көзделеді. Әлеуметтік белгіге келетін болсақ, бұл халықтың денсаулығына зиян келтіруден тұрады, бірақ жалпы халық емес, есірткіні заңсыз тұтыну орбитасына қатысатын адамдардың белгісіз тобы. Есірткінің физикалық белгісі деп олардың құрамының, қасиеттерінің, әрекетінің және т.б. сипаттамасы түсініледі.

Заңсыз айналымы ретінде қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғатын есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестер мен улы заттардың қоғамдық орындарда медициналық емес мақсатта тұтынылуы, заңнамаға қайшы дайындалуы, қайта өңделуі, иемделуі, сақталуы, тасымалдануы, жөнелтілуі және өткізілуі танылады.

Есірткі заттарын, сол тектестерді сатып алу, басқа тауарға немесе затқа айырбастап алу, қарыздың орнына беру, қарызға немесе сыйға алу, тауып алғанды иелену, құрамында есірткі бар жабайы өсімдіктерді немесе олардың бөлігін жинау, осындай өсімдіктердің күзетілмейтін егістік алқабындағы жинау жұмысы біткеннен кейінгі қалдықтар жинап алуды т.б. заңсыз алу деп түсініледі.

Сақтау дегеніміз – есірткіге немесе психотроптық заттарға кез келген нақты

иелік ету. Есірткі немесе психотроптық заттардың нақты иесі кім болғанына қарамастан, оны қылмыстық деп санауға болады. Есірткіні, сол тектестерді кінәлінің арнайы рұқсатсыз иелігінен (өзінен, жасырын жерден, үй-жайдан, көлік құралынан, басқа да орындардан) тауып алумен байланысты кез келген қасақана әрекет заңсыз сақтау болып табылады. Конструкциясы бойынша құрамы формальды, яғни болашақта қандай зиянды салдарлар болғанына қарамастан, қоғамдық қауіпті әрекет жасалған кезде аяқталған қылмыс болып саналады.

Қылмыстық заңнамада есірткі заттарын заңсыз сақтағаны үшін кінәлінің мақсатына қарай жауаптылықты екіге бөліп қарастырады: өткізу мақсатынсыз және өткізу мақсатында. Бұл ретте анықталған есірткі затының мөлшері құқық бұзушының әрекетін саралауға тікелей әсер етеді. Мөлшері Үкімет Қаулысымен бекітілген «Есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің мөлшерін айқындау кезінде заңсыз айналымда табылған есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды шағын, ірі және аса ірі мөлшерге жатқызу туралы жиынтық кестесінде» көрсетілген.

Мысалы, өткізу мақсатынсыз ірі мөлшердегі есірткі затын сақтау (ҚК-тің 296-бабы 3-бөлігі) әрекеті қылмыстық теріс қылық болып табылады және санкциясында 200 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не 50 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алу көзделген.

Ал осы әрекеттер өткізу мақсатында жасалса мүлкі тәркіленіп, алты жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланып (ҚК-тің 297-бабы 2-бөлігі), ауыр қылмыс болып саналады.

Есірткі заттарды тасымалдау үшін немесе заңсыз сақтау орны ретінде пайдаланылатын көлік құралдары қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруына немесе құралдарына жатқызылуға тиіс. Сондай-ақ, үй-жайлар, егер олар есірткі заттарын заңсыз сақтау үшін пайдаланылған болса, қылмыстық құқық бұзушылық жасау құралы деп танылуы мүмкін. Мұндай жағдайларда көрсетілген заттай дәлелдемелер қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралдары (көлік құралдары, үй-жайлар және басқалары) ретінде мемлекет кірісіне тәркіленуге жатады.

Өткізу мақсатында заңсыз сақтау пиғылымен жасалғандығы жөнінде мәселені шешу кезінде, бұл заттар анық өткізуге дайындалғандығын дәлелдейтін айғақтар ескеріледі. Мысалы, есірткі заттары, сол тектестердің көп мөлшерде табылуы, оларды өзі ғана қолданатынын жоққа шығаратын жағдай, бөлшектеу, оларды дайындайтын және бөлуге арналған құралдар мен жабдықтардың болуы, кінәлінің өзі есірткіні қолданбайтындығы сияқты мән-жайлар анықталуы керек. Ескеретін жағдай, өткізу мақсатында заңсыз есірткі сақтаудың салдары біршама ауыр. Өйткені, мұның соңы есірткі айналымының аумағын кеңейтіп, кеңінен таралуына, адамдарда есірткіге тәуелділік қалыптастыруға, халық денсаулығына кері әсер ететін ықтимал ауыр зардаптарға соқтырады, ұлт қауіпсіздігіне орасан зор қауіп төндіреді.

Еділ ҚҰДАЙБЕРГЕН,
Хромтау аудандық сотының
судьясы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

АЛАЯҚТАРДАН АЙЛА АРТЫЛАР ЕМЕС

Қоғам алға жылжыған сайын қылмыстың да түрлері көбейіп, жаңарып барады. Соның ішінде алаяқтардың белсенділігі жылдан-жылға артуда. Алаяқтық қылмысының түрленуіне, алданушылар қатарының өсуіне ғаламтордың да ықпал етіп отырғаны талассыз. Себебі, бүгінде барлық халық интернетке байланып, ақпараттың бәрін әлеуметтік желілер арқылы алуға. Мұндай тұста алаяқтардың ғаламтор секілді үлкен табыс алаңын пайдаланбауы мүмкін емес.

Бұрын қылмыскерлер жер алып беремін, тұрғын үй кезегін жылжытуға көмектесемін, айлығы жоғары жұмысқа тұрғызамын, жеңілдетілген несие алуға көмектесемін деген желеумен қарапайым азаматтардың қалтасын қағып жататын еді. Ал қазіргі алаяқтарға «аңқауларды» іздеп алысқа барудың, табанынан тозудың тіпті қажеті жоқ. Интернеттің мүмкіндігін қылмыстық іс-әрекеттерін жүзеге асыру үшін онтайлы пайдаланып жүрген алаяқтардың әдіс-тәсілдері күн сайын жаңаруда. Ғаламтордағы әккілердің, өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, жеке деректерді иемдену және бөтен біреудің атынан онлайн-несие рәсімдеу арқылы қылмыс жасау дерегі де артып барады. Сондай-ақ, жалған жарнамалар, өтірік хабарламалар да аңқау

халықтың ақшасынан ажырауына түрткі болып келеді.

Қазақстанда алаяқтық қылмысына жаза қатал. Қылмыскерлер жауаптылығын таразылағанда Қылмыстық кодекс пен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 29 маусымдағы №6 нормативтік қаулысы басшылыққа алынады. «Алаяқтық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» нормативтік қаулының 9-тарамағына сәйкес, ақпараттық жүйені пайдаланушыны Qiwi-кошелек, интернет-банкінг және т.б. арқылы алдап, өзінің қылмыстық пиғылын іске асыру мақсатында ақпараттық жүйеде көрінеу жалған мәліметтерді немесе бағдарламаларды орналастыру жолымен ақпараттық технологиялар (компьютер, компьютерлік бағдарламалар, интернет, ұялы телефон және т.б.) арқылы жасалған, ақпараттық жүйені пайдаланушының мүлкін немесе мүлікке құқығын иеленуге бағытталған құқықбұзушылықты алаяқтық деп тану қажет.

Сот тәжірибесін таразылай келе алаяқтық қылмыстарына қатысты бірнеше пайым жасауға болады. Біріншісі, алаяқтар ақша табу үшін ешқашан жаңа нәрсе ойлап таппайды. Олардың қаруы сөз ғана. Уәде беруге жомарт мұндай жандар адам жанының тамыршысы десек шындықтан алысқа ұзай қоймаймыз. Қақпанына түсіргелі тұрған адамды психологиялық тұрғыдан әбден зерттеген қылмыскерлер жеңіл пайда табуды, жедел баоды мақсат еткен жандарды е дегеннен біледі.

Екіншіден, алаяқтық қылмыстардың артуы азаматтардың құқықтық сауаты мен жеңіл пайда тапсам деген теріс ниетімен өзек-

тес. Құқықтық тұрғыдан әлі де сауатты емес халық өзіне хабарласқан азаматтарды зерттеп алмайды, жіберілген ақпараттардың шынайылығына көз жеткізіп жатпайды. Мәселен, «Балаңыз ауруханаға түсті, отаға тез ақша жіберіңіз» дегендерге мәліметтің дұрыстығын тексеріп алмай ақша аударатындар әлі де бар. Бір қызығы, солардың көбі баласының аман-есен екенін білген соң құзырлы орындарға шағымданбай қоя салады. Сондай-ақ, әлеуметтік желілердегі онлайн сауда жасаушыларды тексеріп, кәсіп иелері туралы толық мағлұмат алмағандар да белгісіз біреуге ақша аударғанын тауар үйіне келгенде бір-ақ біледі. Құқықтық сауаты төмен, жаңа технологиядан хабары жоқ мұндай азаматтар қылмыс туралы арыз жазғаннан, істі жылы жауып қоюды артық көреді.

Алаяқтық қылмысын сотта қарау өте күрделі. Сонымен бірге қоғам үшін алаяқтар келтірген материалдық, моральдық залалды өндіру мәселесі де толық шешімін таппай келеді. Қаншама адамды алдап, арам ақшаны қалтасына басқандар жиғанын өз атына жазбайды. Басында не жылжитын, не жылжымайтын мүлкі жоқ, банкте есепшоты тіркелмеген, тұрақты табыс таппайтын қылмыскерлерден материалдық шығынды өндірту өте қиын. Сондықтан, алдағы уақытта алаяқтыққа қатысты ақпараттық түсіндіру жұмыстарын күшейтіп, материалдық залалды қайтарудың заңдық тетігін жасау кезек күттірмейді.

Айнұр ҚЫЗЫЛБАЕВА,
Ақтау қалалық сотының
судьясы

Елімізде 2021 жылдың қаңтарынан бастап қылмыстық процестің үш буынды моделі енгізілді. Нәтижесінде, құқыққорғау органдарының өкілеттіктері бөлініп, әр құқықтық саланың өз құзыреттілігі нақтыланды. Бүгінгі таңда жаңа модельге сай қылмыстық процеске үш буын жауап береді: тергеу органы, прокуратура және сот. Бұл құрылымдар арасындағы өкілеттіктер нақты бөлінген.

ҮШ БУЫНДЫ МОДЕЛЬ – АЗАМАТТАР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

Атап айтқанда, тергеу органы қылмыстарды анықтай отырып, оған қатысы бар адамдар мен дәлелдерді жинайды. Ал прокурор жиналған дәлелдемелерге тәуелсіз баға береді және қылмыстық процеске қатысушылардың конституциялық құқықтарын қозғайтын негізгі іс жүргізу шешімдерін қабылдайды және айыптайды. Сондай-ақ, прокурордың келісімінсіз (бекітусіз) қылмыстық қудалау органдарының барлық негізгі шешімдерінің заңды күші мен құқықтық салдары болмайды. Бұл дегеніміз, прокурор тиісті шешім қабылдағанға дейін азаматтарды қылмыстық процеске тартуға жол берілмейді деген сөз. Өз кезегінде сот істі қарау нәтижелері бойынша барлық дәлелдерді бағалайды және үкім шығарады.

Ағымдағы жылдың 10 айында Шымкент қаласының прокуратурасы 19864 негізгі шешімнің заңдылығы мен негізділігін тексерді, оның ішінде 18064 істі келісіп, бекітті, 1800-інен бас тартты. Өткен кезеңде қала прокуратурасы 46 адамды күдікті деп тандан бас тартты, осылайша азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуы қысқарды. 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап аса ауыр қылмыстар бойынша тергеуді аяқтай отырып, тергеушілер есеп жасайды және олар бойынша айыптау актісін шығару прокурорға өтті.

Прокурорлардың аса ауыр істер бойынша айыптау актілерін жасау бөлігінде қылмыстық процестің үш буынды моделінің екінші кезеңін сапалы енгізу қамтамасыз етіледі, қазіргі уақытта айыптау актісін

прокурор 39 қылмыстық іс бойынша жасап, қарау үшін сотқа жолдады. Қабылданған шаралардың нәтижесінде азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуына жол берілмеді. Нәтижесінде елімізде қылмыстық процестің үш буынды моделі азаматтардың құқығын қорғаудың тиімді жолы екендігін тәжірибе көрсетіп отыр.

Заңнамалар заман талабына сай өзгеруде. Сәйкесінше құқыққорғау жүйесіне енгізілген жаңашылдықтар даму жолындағы мемлекеттерге тән үрдіс. Осы орайда, халықаралық адам құқықтары саласының талаптарына сай келетін қылмыстық процестің үш буынды моделі мемлекеттің адам құқықтарын қорғау саласындағы қызметін үш бағытта жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл моделдің басты мақсаты біріншіден, адамның құқықтары мен бостандығын құрметтеу, екіншіден, үшінші тұлғалар тарапынан адам құқықтарын қорғау, үшіншіден, адам құқықтары мен бостандығының сақталуын қамтамасыз ету үшін тиісті заңнаманы қабылдауды қоса алғанда, қажетті шараларды қабылдау болып табылады. Міне, осы үш функция жүйелі жолға қойылып, іске асқан жағдайда жаңа модель азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғап қана қоймай, халықтың құқыққорғау органдарына деген сенімін арттыруға септігін тигізеді анық.

Т.НУСІПОВ,
Шымкент қалалық
прокуратурасының
Басқарма аға прокуроры

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӨЗГЕРІС – ДАМУДЫҢ
МАҢЫЗДЫ ЭЛЕМЕНТІ


(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұған дейін жүргізген әлеуметтану жайындағы сауалнамалар көрсеткендей, қазақстандықтар арасында жаңғырту үлгісін қолдау басымдыққа ие. Алайда, бұл халық саяси өзгерістерді күтпейді дегенді білдірмейді. Қазіргі уақытта қоғамда саяси жүйені өзгерту қажеттілігі туралы нақты түсінік бар. Азаматтардың электораттық күтулеріне сәйкес, қазақстандық саяси жүйе одан әрі реформаларды талап етеді. Сонымен бірге, осы сауалнамалар нәтижесіне сәйкес партиялық идеологиялардың ешқайсысы әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету мәселелерімен дұрыс жұмыс жасамайынша тиімді бола алмайды.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда ұлттық экономиканың қағидатты жаңа негіздерде жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз ететін нарықтық институттар жүйесі қалыптасты. Азаматтық қоғамның, саяси жүйе мен оның институттарының жұмыс істеуі мен жетілдірілуін айқындайтын саяси-құқықтық база құрылды, болашаққа арналған стратегиялар мен іс-қимылдар бағдарламалары айқындалды. Алайда, әлеуметтік параметрлер, адамдардың өмір сүру деңгейі мен сапасына қарап отырып, осы күнге дейін жүргізілген саяси-экономикалық реформалар әр адам үшін мүмкіндіктер кеңістігіне айнала алмағанын атап өту қажет. Бұл өз кезегінде сенімнің жетіспеушілігін тудырады. Сенім ресурсы теріс эмоциялардың тез бөлінуіне, үлкен геэкономикалық стресске, пессимизм мен болашаққа деген қорқынышқа алып келеді.

Белгілі философ және саясаттанушы Фрэнсис Фукуяма атап өткендей, әлеуметтік саясаттың негізгі міндеті – қоғамдық капиталды көбейту. Қоғамдық капитал – бұл, ең алдымен, әлеуметтік топтасу, қоғамдағы сенім деңгейі, қоғамдық мәселелерді бірлесіп шешуге дайын болу. Оны «ағартушылық өз мүдделік қызығушылықтың» және шарттық қатынастар институттарының негізінде құру мүмкін емес. Сенімді алмастыратын барлық процедуралар экономистердің тіліндегі «транзакциялық шығындар» деп аталатын шығыстардың өсуіне әкеледі. «Басқаша айтқанда, қоғамдағы сенімсіздіктің басым болуы жоғары сенім деңгейі бар қоғамдардан құтылған экономикалық қызметтің барлық түрлеріне қосымша салық салумен тең».

Билік құрылымдары мен азаматтық қоғамның әлеуметтік-саяси серіктестігі адамдардың билікті берген адамдарға деген сенімінің жоғары деңгейін, олардың жалпы игілікке ықпал ететін биліктен шығатын шешімдерді орындауға



дайындығын білдіреді. Бұл туралы Конфуцийдің нұсқауларын еске түсіруге

болады: «Мемлекетте тамақ, қару-жарақ жеткілікті болуы керек және адамдар

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры

БІЗДЕ БЕЛСЕНДІ САЯСИ ПАРТИЯЛАР ЖОҚ

Қазақстанның болашағы үшін кезектен тыс өткелі отырған ҚР Президенттігі сайлауынан күтетініміз көп. Өйткені, әрбір қазақтың өмірі дамыған елдерде тұратын жүртіпен бірдей, тіпті, одан жоғары болса да жаман емес. Осы сайлауда сондай нәтижеге жеткізетін басшы билікке келе ме деген үміт бар. Оны биыл бұрынғы сайлауға ұқсмайтын форматта жүргізейін деп жатыр ғой. Бұл да жақсылыққа бастайды деп ойлаймыз. Қазақ өзі қай уақытта болмасын әрбір өзгерістен жақсылық күтетін халық. Жамандық болып жатса да енді жақсы хабар боп қалатын шығар деп ырымдайтын.

ҚР Президенттігі үшін өткелі отырған бұл сайлау Қазақстанда нағыз демократиялық мемлекетке айналдырады деген ойдамын. Сайлаудан күтетініміз бірінші халықтың әл-сұқатының жақсаруы. Екінші,

біздің халықтың интелектісі жоғарылау үшін білім саласына жеткілікті деңгейде көңіл аударылу керек. Біз халқымыздың интелектісі жоғары болған сайын дами береміз. Сонда халықтың дамуы оңай болады. Одан мемлекет те көтеріледі.

Әрине, бұрынғы сайлаулар сияқты бармақ басты, көз қыстыға ауып кете ме деген де күдік жоқ емес. Маған халықтың әлі де болса сана-сезімі оянбағандай көрінеді кейде. Өйткені, бұған дейін кім сайлаудан көп дауыс жинайды деген уақытта тағы да кімнің мандаты жақсы, белсенділігі артып тұр сол адамға халық дауысы ауып кетіп отырды. Билік кімнің қолында халық соған ауып кете ме деген қауіп әлі сейілмей отыр. Сол себепті халықтың сайлауға деген көзқарасы бұрынғыдан қанишалықты өзгергенін алдағы уақытта көреміз.

Бектас БОСТАНОВ,

Бүркітбай АЯҒАН, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары

ХАЛЫҚ СЕНІМ АРТАТЫН БИЛІК МЫҚТЫ

ҚР Президенті халыққа арнаған жолдауында біз демократиялық жолмен жүреміз деп айтты ғой. «Жаңа Қазақстан» деген идея шығарып жатыр. Сондықтан бұл сайлауға халық өте көп үміт артып отыр. Бұл көне Римде айтылған Цезардың «Рубиконды өту» дегені сияқты ғой. Рубикон деген өзен болған онда. Сол сияқты біз бұл сайлаудан дұрыс өтсек, таза, дұрыс сайлау болса, онда Қазақстанның жанаша дамуына жол ашылады. Егер бұл сайлауда былық-шылық көбейіп кетсе, халықтың билікке деген сенімі азаяды не жойылады.

Биліктің мықтылығы халықтың сенімінде. Егер халық оған сенім артпаса, сенбесе билік өзін-өзі ұстай алмайды. Сондықтан бұл өте маңызды мәселе. Мұндай кезде не істеу керек?

Қазір жергілікті әкімшіліктер бұл іске араласпай, бар жұмысты сайлау комиссиясына беруі тиіс. Одан кейін сайлау кезінде тазалық, әділдік, әділеттілік болу керек. Біреу біреудің дауысын ауыстырып, біреу біреудің орнына дауыс беріп жатса, ол әрине, өте қауіпті жағдай.

билеушілерге сенуі керек. Егер қажеттілік туындаса, не құрбан етуге болады? Тамақтан, қару-жарақтан бас тартуға болады. Бірақ сенім болмаса, мемлекет ештеңеге қарсы тұра алмайды».

Қазіргі заманғы сарапшылар халықтың билік институттарына деген сенімін «саяси капитал» деп атайды. Әлеуметтанулық зерттеулердің деректері бүгінгі таңда қазақстандықтардың билік басындағыларға қатысты барынша сыншыл екендігін айғақтайды. Өкінішке қарай, біздің әкімшілік-саяси билік институттарымызда «саяси капитал» ұғымы көбінесе «бюрократиялық капитал» ұғымымен алмастырылады.

Бұл басқару технологияларына қойылатын талаптарды өзгертуге ықпал етеді. Басқару жүйесін жетілдіру үшін жана резервтер табу керек. Мемлекеттік аппаратқа қойылатын жаңа талаптар функцияларды сапалы орындау, стратегиялық жоспарлау, әлеуметтік жанжалдардың алдын алу және реттеу, басқарушылық шешімдер мен іс-әрекеттерді үйлестіру, олардың тиімділігі, сондай-ақ, барлық деңгейдегі басқарушылардың қажетті құзыреттерін ынталандыру мен дамыту мәселелері сияқты саяси менеджменттің бағыттарына қатысты болады. Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттік басқаруды жүйелі жаңғырту қажет.

Мемлекет басшысы Президенттің сайлау күнін жариялауға байланысты отандастарына арнаған үндеуінде бар-

лық негізгі мемлекеттік институттар шамадан тыс жүктелетінін ерекше атап өтті. «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» құрамдас бөліктері – консенсусқа, мүдделер тепе-теңдікке, ымыраға ұмтылу өте маңызды.

Ұқсас нормалар мен қағидаттар саяси басқару саласын да анықтайды. Саясат – күштердің ашық финалмен бәсекелестігі және осы бәсекелестіктің нәтижесі, ол қандай болса да, саяси кеңістіктің жалғыз заңды формасына айналады. Сондықтан да, өз өкілеттіктері мерзімінің қысқаруына қарамастан, мемлекет мүддесін бәрінен жоғары қоя отырып, ҚР Президенті Қ.Тоқаев өзінің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауында «әділ Қазақстанды құруға бағытталған түбегейлі және жан-жақты реформаларды табысты іске асыру үшін халық сенімінің жаңа мандаты қажет» деп айтқан болатын.

Жалпы алғанда, Президенттік сайлау кезінде бүкіл қазақстандық қоғамның топтасуы Мемлекет басшысының жауапкершілік танытуға, демократия, заңдылық пен құқық тәртібі қағидаттарына адал болуға, қазақстандықтардың бірлігі мен білігін көрсетуге үндеуіне жауап болады.

Зарема ШАУКЕНОВА,
ҚР ҰҒА вице-президенті,
Қазақстан халқы Ассамблеясы
кеңесінің мүшесі

Бізде белсенді саяси партиялар жоқ. Бәрі көрінбейтін, қоғамда ешқандай белсенділігі жоқ партиялар. Одан кейін жасаған бағдарламалардың бәрі қайталана береді. Халықты өзгеріске ұмтылдыратын бағдарламаны әлі өз басым көрген жоқпын. Саяси партиялар ояну үшін қоғамға белсенді араласу керек. Халықтың мұң-мұқтажын қай жерде болсын паш етіп, халық үшін тұрып, халық үшін жұмыс істеуі керек қой. Сол кезде ғана халық оянады, халық қолдайды. Содан кейін ұлттың саясатын, қазақтың саясатын бірінші орынға қоятын партия болса деп ойлаймын өзім.

Шетелге оқуға жібергенде шетелдің менталитетін бізге алып келетін емес, біздің менталитетті шетелге көрсететін жастарға мән беру қажет деген нәрселер саяси партиялардың сайлауалды бағдарламаларына кіру керек. Жалпы, халықты қайсарлыққа тәрбиелеу үшін ұлттық партия керектігін уақыттың өзі көрсетіп отыр.

КӨКЕЙКЕСТІ

ҚАСІРЕТТІ ҚАҢТАР:
РАҚЫМШЫЛЫҚТАН КІМДЕР ҮМІТТІ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

- 2022 жылдың 4-7 қаңтар аралығында жаппай тәртіпсіздіктермен байланысты не олардың жолын кесу кезінде онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған тұлғалар;
- Залалдың немесе азаматтық талаптың болуына қарамастан онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған тұлғалар.

Сонымен қатар, зардап шеккен мүліктің иесі материалдық шығынды сот арқылы азаматтық құқықтық тәртіпте өндіріп алуға құқығы бар екенін атаған жөн. Аталған заң бойынша жазасын өтегендердің соттылығы жойылады. Сондай-ақ, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағандардың жаза мерзімі қысқартылады, атап айтқанда ауыр қылмысы үшін – сот белгілеген мерзімнің төрттен үш бөлігі болса, ал аса ауыр қылмысы үшін – оның тең жартысы көзделген.

Алайда рақымшылық жасау туралы заңның күші:

- террористік қылмыс жасағандар;
- экстремистік қылмыс жасағандар;
- азаптау қылмысын жасағандар;
- көмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар жасаған



адамдарға, мұндай қылмысты көмелетке толмаған адам он төрттен он сегіз жасқа дейінгі көмелетке толмаған адамға қатысты жасаған жағдайды қоспағанда;

- мемлекетке опасыздық жасағандар;
- сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағандар;
- жаппай тәртіпсіздіктер ұйымдастыруды жасаған адамдарға, мұндай қылмысты көмелет-

ке толмаған адам жасаған жағдайды қоспағанда;

- жаза қылмыстардың қайталануы немесе қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде тағайындалған адамдарға қолданылмайды.

Тағы бір айта кететін жайт, Қылмыстық процесті жүргізетін құзырлы органдар, жазаны орындайтын мекемелер тарапы осы аталған заңның орындалуын қамтамасыз ету шаралары қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай ішінде қабылдайды. Бұл «Рақымшылық жасау туралы» заңның өзге заңдардан ерекшелігі, жергілікті атқарушы органдар қылмыстық жауаптылықтан босатылған тұлғаларды олардың еңбекке жарамдылық қабілетін қоса алғанда жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етуге, оларға әлеуметтік және өзге де көмек көрсету шараларын қабылдауға міндетті.

Қорыта келе, Рақымшылық жасау институты Мемлекет басшысының халық үніне құлақ асып, ағаттық жасағандарға кешірімділік танытып, жастардың болашағына немкетті қарамайтынын көрсетеді. Осының өзі билікті халыққа жақындататын қадамның бірі.

Бағдат АМАНДОСҰЛЫ

АДВОКАТ пен ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТЫНЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІНЕ ШАҒЫМ ЖАСАУ ТӘРТІБІ

Адвокат – бұл жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алған, адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және «Адвокаттық қызмет және заң көмегі» туралы заңымен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы.

Адвокат көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаға кез келген заң көмегін көрсетуге құқылы. Адвокат қорғаушы немесе өкіл ретінде заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардан құқықтары мен мүдделерін барлық соттарда, мемлекеттік, өзге де органдар мен ұйымдарда қорғауға және білдіруге, барлық мемлекеттік органдармен танысуға және оларды басқару органдары мен заңды тұлғалардан адвокаттық қызметті жүзеге асыруға қажетті мәліметтерді сұратуға және алуға құзырлы. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шектерде, заң көмегін көрсетуге қажетті нақты деректерді өзі дербес жинауға және оларды мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға ұсынуға, процестік құжаттарды, тергеу және сот істерін қоса алғанда, көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаға қатысты материалдармен танысуға және оларда қамтылған ақпаратты Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған кез келген тәсілмен тіркеп алуға, заң көмегін көрсетуге байланысты туындайтын ғылым, техника, өнер саласында және басқа да қызмет салаларында арнайы білімді талап ететін мәселелерді түсіндіру үшін шарттық

негізде мамандардың қорытындыларын сұратуға мүмкіндігі бар. Бұдан бөлек, адвокаттың мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің заңсыз шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) өтінішхаттар мәлімдеуге, белгіленген тәртіппен шағымдар келтіруге, егер бұл анықтау сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу кезінде, сотта қорғауды немесе өкілдік етуді жүзеге асыру үшін қажет болса, мемлекеттік құпияларды құрайтын, сондай-ақ, әскери, коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын ақпаратпен Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен танысуға, заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың заңда тыйым салынбаған барлық құралдары мен тәсілдерін пайдалануға тиіс. Бұған қоса, адвокат татуластыру рәсімдерін жүргізуге, кешенді құқықтық көмегін көрсетуге, заңнамаға қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға құқылы.

Адвокатты тәртіптік жауаптылыққа тартуды адвокаттардың тәртіптік комиссиясы жүзеге асырады. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) сайлайтын және оған есеп беретін, адвокаттар алқасының тәуелсіз органы болып табылады. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы шешімдерінің міндетті сипаты болады.

Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының төрағасы адвокат болып табылады. Бұл адам адвокаттардың тәртіптік комиссиясында бір мерзімнен артық бола алмайды.

Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы туралы ережені және тәртіптік жауаптылыққа тарту рәсімін Республикалық адвокаттар алқасы белгілейді. Комиссияның өкілеттік мерзімі төрт жыл. Тәртіптік істі комиссия бұзушылық анықталған күннен бастап екі айдан аспайтын мерзімде қарайды. Тәртіптік іс жүргізу адвокат еңбекке уақытша жарамсыз болған және ол іссапарда болған жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін. Токтата тұру мерзімі тәртіптік істі қараудың жалпы мерзіміне қосылмайды. Тәртіптік істі қарау кезінде адвокаттардың тәртіптік комиссиясы өзінің отырыстарына шағым жолдаған тұлғаларды, сондай-ақ, адвокаттар алқасының өздеріне қатысты шағымдар қаралатын мүшелерін шақыруға міндетті.

Әділет органдары тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы ұсыну енгізген жағдайда, оның міндетті түрде қаралуы әділет органы өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады. Қарау уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабардар етілген тұлғалардың келмеуі тәртіптік іс жүргізуді қарауға кедергі болмайды.

Адвокаттың Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, Адвокаттардың кәсіптік әдеп кодексінің, адвокаттар алқасы жарғысының талаптарын, Республикалық адвокаттар алқасы органдарының, адвокаттар алқаларының шешімдерін бұзғанын көрсететін жеткілікті негіздердің болуы тәртіптік іс жүргізуді қозғауға негіз болып табылады.

Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының тәртіптік жазалау шаралары әртүрлі. Ол ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс түрінде болады. Сонымен қатар, адвокаттық қызметке байланысты заңдарды

бұзып, біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан өз кәсіптік міндетін орындай алмаған жағдайда, мүшелік жарналарды жүйелі түрде төлемеген кезде, алқаның жарғысында көзделген өзге де жағдайларда адвокаттың кәсіби қызметі тоқтатылады.

Адам өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін адвокаттар алқасының әрекеттері (әрекетсіздігі) және оның басқару органдарының шешімдерін бұзған жағдайда, мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) және шешімдерге Республикалық адвокаттар алқасында немесе сотта дау айтуға құқылы.

Ал жоғары құқықтық білімі бар, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі болған, аттестаттаудан өткен, заң консультанттары палатасының мүшесі болып табылатын және заң көмегін көрсететін жеке тұлға заң консультанты болып табылады. Заң консультанты заң көмегін дара кәсіпкерлік түрінде жеке практикамен айналыса отырып не дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеусіз, сондай-ақ, заңды тұлғамен еңбек шарты негізінде дербес көрсете алады. Заң консультанттары палатасының қағидалары мен талаптары «Өзін-өзі реттеу туралы» Қазақстан Республикасының заңында айқындалған.

Палатаның мүшесі Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, палата жарғысының, қағидалары мен стандарттарының, Кәсіптік әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына, заң консультанттары палатасының қағидалары мен стандарттарына сәйкес жауапты болады. Заң консультанттары палатасының мүшелеріне жазалар қолдану,

оларды алып тастау және шағым жасау тәртібі палатаның жарғысында және қағидаларында айқындалады.

Палатаның әрекеттері (әрекетсіздігі), оның басқару органдарының шешімдері заң консультанттары палатасы мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзған жағдайда, мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке), шешімдерге уәкілетті органда немесе сотта дау айтуға, сондай-ақ, өзіне келтірілген зиянды өтеуін талап етуге құқылы.

Заң консультанттары палатасы Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнама-сының, Заң консультанттары палатасының қағидалары мен стандарттарының, Кәсіптік әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны үшін жауапты болады. Шағым түскен кезде, егер шағымды заң консультанттары палатасы бұрын қарамаған жағдайда, уәкілетті орган оны тиісті палатаға жібереді. Егер шағым палатаның қарау нысанасы болған жағдайда, уәкілетті орган жолданымды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қарайды.

Шағымды қарау қорытындысы бойынша уәкілетті орган заң консультанттары палатасына нұсқама, ескерту түрінде ықпал ету шараларын қолдануға, сондай-ақ, осы заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес өзге шаралар қабылдауға құқылы. Егер заң консультанттары палатасы уәкілетті органның нұсқамасы, ескертуі бойынша шараларды қабылдамаған немесе уақытылы қабылдамаған жағдайда, уәкілетті орган бұл мекемені заң консультанттары палатасының тізілімінен шығару түрінде ықпал ету шарасын қолдану туралы мәселе көтереді. Палата әрекеттерінде (әрекетсіздігінде), оның басқару органдарының шешімдерінде бұзушылық болған жағдайда, сот тәртібімен, Заң консультанттары палатасының тізілімнен шығару түрінде ықпал ету шарасы қолданылуы мүмкін.

Әділет департаментінің Құқықтық түсіндіру және халыққа заңгерлік қызмет көрсету бөлімі
ТҰРКІСТАН ОБЛЫСЫ

✎

МІНБЕР

Ел Конституциясының 76-бабында «сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды», – деп көрсетілген. Яғни, адамның басты байлығы оның өмірі болса, сол өмірінің қорғалуын соттар жүзеге асырады. Ал осындай жауапкершілікті мойнына арқалаған сот төрелігін іске асырушы судьяларға қойылар талап та тым жоғары болатындығы заңдылық.

СУДЬЯҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАП ЖОҒАРЫ

Уақыт талабына сай елімізде мінсіз сот корпусын қалыптастыру бойынша бірқатар шаралар атқарылып, түрлі реформалар жүзеге асырылды. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңына сәйкес, судьялар Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын бұлжытпай сақтауға, антына адал болуға; сот төрелігін іске асыру жөніндегі өзінің конституциялық міндетін орындаған кезде, сондай-ақ, қызметтен тыс қарым-қатынаста судья әдебі талаптарын сақтауға және судьяның беделі мен қадір-қасиетін түсіретін немесе оның адалдығына, әділдігіне, объективтілігі мен аламаушылығына күмән туғызатын барлық нәрседен аулақ болуға тиіс. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне және сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметке заңсыз араласу әрекеттеріне қарсы тұруға судьялар кеңесінің құпиясын сақтауға міндетті.

Судьялық лауазымға өту кезінде де талаптар біршама қатандатылған. Судьялыққа алғаш қабылданатын тұлға отыз жасқа толған, жоғары білімді, моральдық-адамгершілік қасиеттері, мінсіз беделі және заңгерлік кәсібі бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар, біліктілік емтиханын тапсырған Қазақстан Республикасының азаматы болуы шарт. Мұндай қатаң талаптар судьялық қызметке кез келген адамның келмейтінін аңғартады.

Соттар істерді қарау барысында тәуелсіз әрі нақты істер бойынша ешкімге есеп бермейді. Судьяның актісін жоғары тұрған сот органының ғана өзгертуге, күшін жоюға құғығы бар.

Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асанов бір сұхбатында «көп жағдайда соттың

шешімдерімен, үкімдерімен келіспей жатады. Өздерінің наразылықтарын Жоғарғы Сот сатыларына білдіреді. Әрине, оның бірнеше себебі бар. Басты себептің бірі – сот шешімдерін, үкімдерін түсінбеу. Біз осы жөнінде бір ай бұрын үлкен талқылау жүргіздік. Азаматтық істер бойынша қабылданған сот шешімдері қандай болуы керек? Сол жөнінде бірнеше нормативтік талаптар туралы қаулы қабылдадық» – деген болатын.

Бұл жағдайда соттар тек қана сот төрелігін іске асырып, әділ шешім қабылдаушы ғана емес, әрбір қабылдаған шешім-қарарларын халыққа жеңіл әрі түсінікті жазуы қажет екенін, судьяға қойылатын басты талаптардың бірі осы екенін аңғаруға болады.

Көп жағдайда судьяларға тек қана заңгер ретінде қарайды. Бұл қате ұғым. Сөзімнің екі жаққа да тиімді шешім қабылдайтын, ақиқатты қарадан қараңғыда шам ұстағандай етіп ажырата білетін көреген, дауласқанды бітімге шақыратын татуластырушы тұлға.

Осындай судьялар ғана сот төрелігін іске асырады, осындай талапты бойына сіңдіре алған судья ғана сот жүйесіне күмәнмен қарауға жол бермейді. Судьяларға қойылған талаптар қатандаған сайын жауапкершілік те арта түспек. Сондықтан еліміздегі адам бостандығының басты құндылығын іске асырушы тұлғалардың жауапкершілігін көтеру арқылы, сот билігін одан әрі дамытамыз.

**Н.ЕЛАМАНОВ,
Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы**

✎

БІЛГЕН ЖӨН

ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК ҚАЛАЙ КӨРСЕТІЛЕДІ?

Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы. Сондай-ақ, әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі.

Қазақстанның құқықтық негізі өз азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, білікті заңгерлік көмек алу үшін әрбір қазақстандықтың конституциялық құқығына кепілдік береді. Сондай-ақ, мемлекеттің мүдделерін әлемдік аренада ұсыну және қорғауға мүмкіндік береді.

Азаматтарымызға білікті заң көмегін көрсетуде адвокаттардан бөлек, нотариаттық, жеке сот орындаушылары, сот сарапшылары, заң кеңесшілері институтының маңызы зор. Конституцияда әрбір азаматтың құқығының қорғалуына кепілдік берілген. Өкінішке орай, түрлі жағдайларға байланысты барлық азаматтар ақылы заңгерлік кеңес немесе адвокаттық қызмет ала алмайды, сондықтан әлемдік тәжірибеде халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдаудың әртүрлі нысаны бар. Мұндай жағдайларда азаматтарға кешенді әлеуметтік заң көмегі көрсетіледі.

Кешенді әлеуметтік заң көмегі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық, әкімшілік және қылмыстық процестер барысында ұсынылады. Ол оны алуға құқығы бар жеке тұлғаларға көрсетілуі мүмкін.

Азаматтарға кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету – заң көмегінің бірден бір нысандары болып табылады. Алғаш рет Қазақстан Республикасында кешенді әлеуметтік заң көмегі институты 2018 жылы енгізілді. Америка және Еуропа елдерінде бұл институт ұзақ уақыт бойы сәтті жұмыс істеп келеді. Бұл қоғамдық игілік, халықтың әлеуметтік осал топтарына, сондай-ақ, қиын өмірлік жағдайға тап болған аза-

маттарға заңгерлік көмек көрсету тұжырымдамасымен байланысты.

«Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңның 19-бабында тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен өтеусіз заң көмегі көрсетіледі делінген. Бұл кешенді әлеуметтік заң көмегі болып табылады. Кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету консультанттарының палаталары, Республикалық адвокаттар алқасы белгілейді. Мұндай мәліметтер уәкілетті органға жіберіледі. Кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету әлеуметтік жауапкершілікті іске асыру нысандарының бірі болып табылады және ерікті түрде жүзеге асырылады.

Кешенді әлеуметтік заң көмегі келесі азаматтарға көрсетіледі:

- «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдарға;
- атаулы әлеуметтік көмекке құқығы бар адамдарға;
- Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдарға;
- басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне;

- бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға;
- жасына байланысты зейнеткерлерге;
- қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) тұратын қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға;
- мүгедектігі бар балаларды жалғыз өзі тәрбиелеп отырған не қамқорлығында кәмелетке толған мүгедектігі бар адамдары бар азаматтарға көрсетілуі мүмкін.

Кешенді әлеуметтік заң көмегі азаматтық сот ісін жүргізу шеңберінде кәсіпкерлік қызметке байланысты даулар бойынша көрсетілмейді.

Мемлекет кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге елеулі үлес қосуды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тәртіппен ынталандырады. Сондай-ақ, кешенді әлеуметтік заң көмегі ерікті негізде жүзеге асырылатынын және азаматтық сот ісін жүргізу шеңберінде кәсіпкерлік қызметке байланысты даулар бойынша көрсетілмейтінін атап өткен жөн.

Кешенді әлеуметтік заң көмегін енгізу азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін нығайтуға, халықтың құқықтық жауапкершілігі мен заң сауаттылығын арттыруға көмектесетін біздің азаматтарды әлеуметтік қолдау әдісі болып табылады. Қазіргі уақытта мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету мәселесі мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып табылатынын айта кету керек.

Осыдан көріп тұрғанымыздай, кешенді әлеуметтік заң көмегін енгізу – pro bono, сөзсіз, еліміздің азаматтары әлеуметтік қолдаудың пәрменді әдістерінің бірі.

**Тоты БЕРЛІБЕКОВА,
Әділет департаментінің Құқықтық түсіндіру және халыққа заң көмегін көрсету бөлімінің бас маманы**
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ



(Соқы. Басы 1-бетте)

Аталмыш құжатта қамтылған мәселелерді таразылайтын болсақ, кеткен олқылықтардың ашық мойындалуын, олардан арылу жолдарының айқын белгіленіп отырғанын зерделейміз. Бағдарламада әділетті Қазақстан жасау мақсат етіліп отыр. Бұл енді шын мәнінде үлкен мақсат. Менің ойымша, қазіргі уақыт қатерлерге толы. Оны көбі айтып та жүр. Дәл осы кезеңнің қауіптілігі – XXI ғасырда өмір сүріп отырып, көрші елдің арасында қанды қырғынға куә болып жатқанымызда. «Қазақ, көршінің үйі тыныш болсын» дейді. Ал, олар мемлекеттер. Біздің ел шекарасының 7,5 мың шақырымы Ресеймен шектеседі. Оны жабу мүмкін емес. Жаман айтпай жақсы жоқ, бұл өрттің ұшқыны бізге де түсіп кетуі мүмкін.

Екіншіден, 30 жылдың ішінде жіберілген кемшілікті, яғни, олқылықтарды айқындап, оны жоюмен айналысу үлкен күшпен тайталасып, жұмыс жасау деген сөз. Қазір арамызда каншама басқа көзқарастағы азаматтар бар. Қандай да бір күшке қарсы басқа күштер дайын тұрады. Бұл – физикалық заңдылық. Мысалы, экономиканы демониполизациялау жайлы мәселе көтерілді. Мұның артында үлкен реваншистік топтар бар. Олар бұл шараны қолдамайды. Себебі, бастама тәжірибеге енгізілсе, оларға заңсыздықпен иеленген ақшаларын қайтару қажет болады. Ендеше, олардың бұған жантаңімен қарсы болуы түсінікті. Ал, ішіміздегі осындай күштердің әрекетін сырттағы ниеті теріс топ пайдаланып кетуі мүмкін. Соның нақты мысалы – қаңтар оқиғасы. Міне осындай жағдайда Тоқаев елдегі бірлікті шайқалтып алмай, тұрақтылықты сақтай отырып әрекет етті. Осы ретте сайлау саясатты айқын белгілеп, батыл жүзеге асыруға құқықтық тұрғыда мүмкіндік береді.

– Америкада Президент сайлауы төрт жыл сайын қараша айының алғашқы сейсенбісінде өтеді. Қандай жағдайда да сақталатын осы заңдылық халықтың әділеттілікке деген сенімін арттыра түсетіні анық. Өз кезегінде биліктің ел алдында да беделін көтеріп, қолдаушыларын көбейтері сөзсіз...
– Америкамен салыстырған әрине, жақсы. Бірақ бұл ретте біз онда көппартиялық жүйе бар екендігін ескеруіміз керек. Америкадағы саяси бәсеке халықтың ең көп қолдауына ие болған демократиялық және республикалық партиялардың арасында жүреді. Ол елде құлатып тастау, төңкеріп тастау деген жоқ. Бәрі заңның шеңберінде жүзеге асады. Бізде мұндай үрдіс қалыптаспағанын бәріміз көріп, біліп отырмыз. Яғни, бұған дейін саяси мәдениет, оппозициялық бәсекеге қолайлы жағдай жасалмай келді. Мемлекет басшысының әрдайым кемшін тұсымыз деп атап көрсететін мәселесі де осы. Бұл бүгінгі таңда сұранысқа ие болып отырған саяси процесс. «Көш жүре түзеледі» демекші, мұндай зайырлы, құқықтық қадамға біртіндеп келеріміз анық. Себебі саяси реформа әлі жалғасын табуы керек.

– Халық кандидаттар сапынан іс-әрекетімен танылып, елдің жүрегінен орын алған тұлғалары көргісі келді. Өкінішке орай, бұл жолғы үміткерлер арасынан бүгінгі басшыға қарсылас болар жанды көре алмай отырмыз. Бұл үрдісті қалай түсіндіресіз?
– Ондай тұлғалар жоқ деп айта алмаймыз. Әрине, бар. Менің ойымша, олардың шықпау себебі Президент көтеретін жүктің бүгінгі таңдағы салмағында. Бұл жүк осыдан он, он бес жылғыға қарағанда екі есе ауыр. Біріншісі, жоғарыда айтқанымыздай, геосаяси жағдайға байланысты. Қазіргі таңда бір-бірін құртып жібергісі келіп отырған елдер бар. Әлдекімдер сынап жамандаса да, 19 млн халық бар үмітін Президентке артып отыр. Өйткені, жалақымыз, зейнетақымыз жетпесе де, бейбіт өмір сүріп жатырмыз. Тыныштық – ең үлкен құндылық. Өйткені, бір күнгі ұрыстың қырық күнгі кесірі бар. Сондықтан етек-жеңімізді жинап, тақымымызды қысып отыруымыз керек. Сайлаудың түпкі мәні де, онда жаңа есімдердің көрінбеуі себебі де осында.
Енді Президент болу оңайға түспейді. Себебі халық оянда. Мысалы сіз осыдан төрт-бес жыл бұрын қандай журналист едіңіз? Қазір қандайсыз? Бүгінде көзқарасыңыз өзгеріп, өткір сұрақтар қоя бастадыңыз. Бұл барша халыққа тән сипат. Еліміздің азаматтары бүгінде өз мәселелерін ашық айтып, олардың шешімін батыл түрде талап етуде. Әр қадамды қалт жібермей бақылап, қателікті шұқып көрсететін саяси



Мансұрхан МАХАМБЕТ,
Қазақстан Республикасы Парламентаризм институтының директоры:

«ТУРА СӨЗГЕ ҰТЫЛҒАН ЖАҚ ТА, ҰТҚАН ЖАҚ ТА ТОҚТАЙДЫ»

сауатты азаматтар көп. Сондықтан, Президентке жұмыс істеу күрделене түсері талассыз. Бұған терең зерде, білік, үлкен тәжірибе, халықаралық деңгейдегі бедел керек.

– Десе де, кейбір үміткерлерге президенттік қызмет өтілінің болу талабы кедергі келтіріп отырған шығар. Шыны керек, бүгінде қоғамда қайраткерлігімен танылған азаматтар мемлекеттік қызметте жұмыс істеп көрмеген. Сайлауда жоғарыдағы талаптың болуы дискриминация деп ойламайсыз ба?
– Бұл туралы өзімнің жеке пікірімді айтып, «Аманат» партиясының алаңында мәселе көтерген болатынымын. Негізінде «Президентке үміткер болу үшін мемлекеттік қызмет өтілі бес жылдан кем болмау керек» деген норманың қажеті де жоқ. Мұндай ереженің кезінде не себепті енгізілгенін білмеймін. Бұл жерде Президенттің қатысы бар деп айта алмаймын. Себебі, заң саласында біраз жұмыс жасап жүргендіктен, Президенттің жалпы концепцияны ғана айқындайтынын білемін. Ал, оны жүзеге асыратын – Үкімет. Аталмыш талап осы тұста назардан тыс қалған. Меніңше, келешекте бұл оң шешімін табады. Жалпы, біздің Конституцияда азаматтар сайлануға, сайлауға құқылы делінген. Егер кандидатымыздың бес жылдық мемлекеттік қызмет өтілі болмаса, бұл саулаушының сайлауға деген құқымызды шектеу болып есептеледі. Бірақ қазіргі таңда мұның Президенттік сайлауға қандай да бір қомақты көмегі тиіп жатыр деп айта алмаймын. Бәлкім уақытында жақсы ниетпен енгізілген болар. Яғни, болашақ президенттің мемлекеттік қызмет жайлы біршама түсінігі болсын деген мақсатты көздеуі мүмкін. Бұл орайда біреудің құқын таптап, Президенттікке бір ыңғайлы жағдай жасайын деген ниет жоқ деп ойлаймын. Конституциялық көзқараспен қарағанда, бұл талап, әрине, дұрыс емес.

– Сайлау өткеннен кейін не өзгеруі мүмкін? Жалпы, өзіңіз кандидаттардың бағдарламасын көрдіңіз бе?
– Мен тек Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасын көрдім. Президенттің 2021 жылғы 5 қаңтардағы мақаласын оқыған жан осы орайда еріксіз таңқалар еді. Өйткені, негізгі

саяси реформа қаңтар оқиғасынан кейін басталды деп жүргендерге толықтай жауапты осы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген мақаласынан табады. Мәселен, мақалада Мемлекет басшысы «Біз әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеп отырмыз. Кез келген істе әділдік қағидатын басшылыққа алсақ, бұған анық қол жеткіземіз. Мысалы, тұрғындардың тұрмысын жақсарту түспесек, еліміздің жетістіктері мен халықаралық табыстарын мақтан ету артық. Азаматтарымыз экономикалық өсіміңіз игілігін сезіне алмаса, одан еш қайыр жоқ. Мен әрбір шешімді қабылдар сәтте осы ұстанымды басшылыққа аламын. Біз халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартумен қатар, барлық азаматтардың мүддесін бірдей қорғаймыз. Менің ұғымымдағы әділетті мемлекет деген осы» дейді.

«Президентке үміткер болу үшін мемлекеттік қызмет өтілі бес жылдан кем болмау керек» деген норманың қажеті де жоқ. Мұндай ереженің кезінде не себепті енгізілгенін білмеймін. Бұған Президенттің қатысы бар деп айта алмаймын. Себебі, заң саласында біраз жұмыс жасап жүргендіктен, Президенттің жалпы концепцияны ғана айқындайтынын білемін. Ал, оны жүзеге асыратын – Үкімет. Аталмыш талап осы тұста назардан тыс қалған. Меніңше, келешекте бұл оң шешімін табады. Бәлкім уақытында жақсы ниетпен енгізілген болар. Яғни, болашақ президенттің мемлекеттік құрылым, мемлекеттік қызмет жайлы біршама түсінігі болсын деген мақсатты көздеуі мүмкін. Бірақ конституциялық көзқараспен қарағанда, бұл талап, әрине, дұрыс емес.

Осы ретте ол тарихи сананы қалыптастырудан бастап, жеріміздің шынайы жанашыр иесі болу, ұрпақ тәрбиесі, мемлекеттік тілді игерудің маңыздылығы, елімізді демократияландыру, саяси жүйені жаңғырту, білім мен технологияны дамыту, өндірістің индустрияландырудың маңыздылығын айқындап, нақты міндеттер белгіледі. Не істесек те, келер ұрпақ үшін жасайтынмызды, бұл ұстанымнан ешқашан айнымайтынымыз, шын отансүйгіштік деген жалаң ұран тастау емес, елге адал қызмет ету екенін шегелей айтты. Тоқаевтың бағдарламасында осы мәселелер түгел қамтылып отыр.
Біздің кешегі өткен тарихымызда алдымен экономика, сосын саясат делінді ғой. Бұл дұрыс емес деп ойлаймын. Себебі, бізді кезінде оқытқан кезде

ұстаздарымыз «экономика – саясаттың бейнесі» дейтін. Яғни, экономика дегеніміз саясаттың сәулесі. Біз бірінші экономика, одан соң саясат деген күннің өзінде айтылмайтын саясат болды. Ол олигополияға алып келді. Енді ашық түрде саяси жаңғыруымыз керек. Осы арқылы трансформация жасап, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру өте маңызды. Бұл орайда парламенттік сайлау жүйесін, одан соң әкімдердің тағайындалу жолдарын өзгертіп отыру қажеттілігі көрініп отыр. Аудандарға жүз пайыз мажоритарлық жүйемен сайланған депутат келеді. Бұл өзінің жемісін береді. Ол үшін әрине таза сайлау болу керек. Сондықтан халық өз таңдауын қателеспей дұрыс жасауы тиіс.

Сонымен бірге, депутаттарды кері шақырылатындай тетіктер қарастырылған. Яғни, халықтың аманатын арқаалаған әрбір депутат мәслихатта өзінің өңіріне қатысты мәселелерді көтеріп, соны әкіммен бірге шешетіндей құзыретке ие болуы қажет. Әкім басқа бағытқа бұрылып кетпейтіндей болу керек. Себебі, бюджетті бекітетін сол ауданның мәслихаты. Бүкіл әлеуметтік-экономикалық салалар бойынша да алғашқы іс-шараларды атқарар кезде мәслихатпен келіседі. Сондықтан сайлаудың таза өтуі өз жемісін береді.
Ауылдық әкімдер сайланды. Бұл үрдіс біртіндеп жалғасын табады. Біз сияқты алып унитарлық мемлекет

жауапкершілікті өзіне алуға, қандай да бір реформаның тиімді тұстарын анықтауға, қысқа мерзімде пәрменді шешімдер қабылдауға қабілетті де батыл мамандарға қажеттілік айқын көрініп тұр. Жуырда, Азаматтық альянс ұйымының бас қосында Адам құқықтары бойынша уәкіл Эльвира Әзімова жасап, онда 2020 жылдан бері соттың шешіміне қарсы арыздардың 263 пайызға өскенін айтты. Иә, құқық қорғау, сот саласының жұмысы өте құрделі. Онда екі жақтық дау-дамай бар. Десек те, мынау көрсеткіш құқық саласындағы реформалардың жеткіліксіздігін, әділдікке деген сенімнің төмендеп кеткенін айғақтайды. Әділетті шешім болса ұтылған жақ та, ұтқан жақ та тура сөзге тоқтайды. Бізде кінәлі жақ істі заңсыз жолмен шешуге болатынын білдіріп, сондай іс-әрекетке барып жатады.

– Бірақ заңды бола тұра кейбір шешімдердің әділетсіз болатыны шындық қой...
– Бұл шындық. Өзім Парламентаризм институтында жұмыс істегеннен кейін заңдардың ішінде әділетсіз нормалардың кездесіп қалатындығын айтуға құқылымын деп ойлаймын. Оны мойындауымыз керек. Мемлекет басшысы айтып отырған кемшін тұстарымыз осыдан кетіп отыр. Осының салдарынан соттың шешімдері де заңды болғанымен, әділетсіз болып кетуі мүмкін. Сондықтан бірінші мақсатымыз

қолданыстағы заңдық нормалардың барлығын Президент реформасына сәйкестендіріп, сапасын арттыруымыз керек. Бұл біздің құқық қорғау органдарының жұмысын, сот төрелігінің сапасын арттыруға бірден-бір ықпал ететін шара болмақ.

– Әділетсіз заңдардың қабылдануына не себеп деп ойлайсыз?
– Біріншіден – біліксіздік.
– Біздің Парламент кәсіби емес пе?
– Мәселе тек Парламентте дей алмаймын. Мысалы Президент өткенде бір сөйлеген сөзінде саяси қоғамдық институттар, дәстүрлі парламентаризм дамыған күшті президенттік республика құруымыз керек деді. Парламентаризм деген мәселені көп адам түсіне бермейді. Парламентаризмнің дамуы дегеніміз – демократиялық-құқықтық елдердегідей ең жоғарғы заң шығаратын мемлекеттік өкілді орган ретінде Парламент көпшіліктің, халықтың мүддесіне жұмыс жасайтын заңдар шығару керек. Бізде бұған өкілдік жетпеді. Заңды үкімет алып келді. Олардың халықтың көңілінен қаншалықты шығатындығына назар аударылмады. Осы мәселені енді Президент айтып отыр.

Дәстүрлі парламентаризм жеке басқа немесе бір топқа емес, мемлекеттік мүддеге, яғни, халықтың игілігіне жұмыс жасасын деді Мемлекет басшысы. Парламентаризм институты тарапынан осы тұрғыда жоспар түзіліп, жұмысымызды жасап жатырмыз. Мысалы, қандай да бір қолданыстағы заңдардың пәрменділігін арттыру мақсатында алдымен олардың қолдану тәжірибесін зерделейміз. Халықпен қарым-қатынаста қандай кемшіліктер бар, олқылық көбіне осы жерден табылады. Теріс, тиімсіз практиканың нәтижесін, түбін зерделеп келгенде заңның сапасына келіп тіреледі. Қайшылық немесе көзге көрінбейтін коррупцияға тәуелді нормалар айқындалады. Осының бәрі халықтың құқын бұзып, азаматтардың әділдікке деген сеніміне нұқсан келтіріп жатады. Ал, бұл тұтас мемлекеттің тұрақтылығы, дамуына қауіп төндіретін жағдай. Сондықтан алдағы реформа аясында заңнаманың сапасын арттыру басты мәселе.

– Уақыт тауып, пікірлескеніңізге рақмет.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

Тіл – көз келген мемлекетті өзге мемлекеттерден ерекше-лейтін басты белгі, ұлт тірегі. Мемлекет басшысы «Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде», – деген болатын. Шын мәнінде, тілі жоқ ұлттың болашағы туралы сөз қозғаудың өзі қиын.

ӘРБІР ЗАҢ ҚАЗАҚША ЖАЗЫЛУЫ ТИІС

Ата Заңымыздың 7-бабында Қа-зақстан Республикасындағы мемле-кеттік тіл – қазақ тілі екені көрсетіліп, мемлекеттік ұйымдарда және жер-гілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылатыны айқындалған. Ал, мемлекет Қазақстан халқының тіл-дерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызып келеді. Өкінішке орай, БАҚ беттерінен мемлекеттік қызметте бола тұра, өз тілімізде жетік сөйлей алмай-тын шенеуніктерді, оларға қатысты қоғамның сыни пікірлерін жиі көзіміз шалады. Осы орайда, мемлекеттік тілімізді дамытуда мемлекеттік қыз-меткерлер белсенді болса нұр үстіне нұр болар еді. Себебі, бүкіл қоғам, өскелең ұрпақ мемлекеттік саясатты іске асыратын негізгі буынға қарап бой түзейтінін ескерсек, мемлекеттік тілге деген жанашырлық, құрмет мемлекет-тік қызметшіден басталуы тиіс.

Өкінішке орай, елімізде заңдар, салмақты құжаттардың алдымен орыс тілінде жасалып, қазақшаға аудары-латыны ашы шындық. Сондықтан, көп жағдайда өзге тілде дайындалған құжатты қазақ тіліне аударған кезде

сөйлемдегі негізгі айтылатын ой-лар түсініксіз қалпында қалып отыр. Тәжірибе барысында кейде бір құжат-тың қазақша нұсқасын түсіну үшін екі-үш рет қайталап оқитын кездер орын алады. Бұл күрделі аудармалар қазақтілді, қазақша ойлау жүйесіндегі адамдарға тіптен қиындық туғызады. Осы ретте тәуелсіз елдегі әрбір заң, құ-жат қазақша жазылуы тиіс деп білемін.

Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабында, Азаматтық процестік кодекстің 14-бабында – «Қылмыстық және азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал заңда бел-гіленген жағдайларда басқа тілдер де қолданылады», – деп көрсетілген. Осы орайда, еліміздің сот жүйесінде мемлекеттік тіліміздің мәртебесі биік екенін атап өтемін. Қазақылықтың қаймағы бұзылмаған Маңғыстау сот-тарында барлық іс-шаралар мемлекет-тік тілде жүргізіліп, соттағы шығыс құжаттары, ілеспе хаттар, ішкі қыз-мет құжаттары, жұмыс жоспарлары мемлекеттік тілде жүзеге асырылуда. Сондай-ақ, құжаттарды ресімдеу ба-



Бауыржан БОРАНБАЕВ,
Маңғыстау облыстық
мамандандырылған экономикалық
сотының кеңсе меңгерушісі

рысында мемлекеттік тілде сауатты жазылуына, тілдің тазалығына, әрбір сөздің мән-мағынасына мұқият көңіл бөлінеді. Соттарда тіл саясатын іске асыру мақсатында дөңгелек үстелдер, семинар сабағы, дәрістер үнемі ұй-ымдастырылып тұрады.

Белгілі түркітанушы И.Бенцингі «Ғылыми, әдеби, тілдік және тарихи тұрғыдан қарағанда қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең әсем, өте бай тілдің бірі», – деп қазақ тілін ерекше бағалаған екен. Сондықтан, әлемдегі ең бай тіл саналған қазақ тілі – халқы-мыздың болашағы, рухани өміріміздің бір бөлшегі. Қорыта айтсақ, тілімізге деген құрмет өзімізден басталуы тиіс.

✎ БІЛІМ

Еліміз азаттығын алғаннан кейінгі алғашқы мақсат әлемнің алпауыт елдерімен терезесі тең, алып мемлекетке айналу болды. Ал бұл мүддеге жеткізетін бірден-бір күш білім екені айдан анық. Ұлы мұратқа жетелеген үлкен жолда бізді білім нөрімен сусындатып жатқан ҚазҰУ – киелі мекен, қара шаңырақ. Бұл ұядан қанша дарын түлеп ұшып, өмірден өз орнын тапты, ақ армандары мен мақсат-тарын орындады және талай биіктерді бағындыруда. Сондықтан әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің студенті атану зор жетістік.

БІЛІМДІГЕ ДҮНИЕ ЖАРЫҚ

Мыңдаған жастың арманына айналған бұл оқу орны бүгінгі таңда Қазақстандағы ғана емес, сонымен бірге, Орталық Азиядағы жетекші университеттің бірі де бірегейі. Қазақ Ұлттық Университеті – республикадағы барлық жоға-ры білім беру жүйесінің тірегі және білікті мамандар мен білімді студенттердің ордасы. 1934 жылы іргесі қаланған білім ордасы күннен-күнге әлемдік білім беру жүйесінде өзіндік орнын айқындап келеді. Оның дәлелі, белгілі QS World University Ranking халықаралық рейтинг агенттігінің 2017 жылы жариялаған зерттеу қорытындысына сәйкес, әл-Фараби атындағы университет әлемдегі үздік 800 уни-верситет арасында 236-орынды иемденіп, ең үздік 250 университет қатарынан көрінді. Ал биыл ҚазҰУ әлемдегі ең мықты 200 университеттің құрамына еніп, абыройымызды одан сайын асқақ етті.

Халықаралық білім беру стандарты бойынша жұмыс істейтін университет білікті мамандарды даярлауға, өн-діріске енгізілетін іргелі және қолданбалы зерттеулерді дамытуға бағытталған кең көлемдегі ғылым, білім, руха-ни-тәрбиелілік, инновациялық және өндіруші негізге ие. Бұл оқу орны ертеңгі ел тірегі жас ұрпақты майталман маман ретінде ғана емес, қоғамда өзіндік орнын таба білетін саналы азамат етіп қалыптастыруда да айрықша рөл атқарып отыр. Университетте жастардың жарқын болашағы үшін барлық жағдай жасалған. Атап айтсақ, еліміздегі ең ірі кітапханалардың бірі – Әл-Фараби кітапханасы, Интернет орталығы, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орта-лығы, Ө.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы – бәрі де студенттердің игілігі үшін ерекше орын болып саналады.

Осындай құт мекенде дарынды әрі белсенді студенттер өте көп болғандықтан, олардың көшбасшылық қабілетін, ұйымдастырушылық қасиетін дамыту мақсатында жастар ұйымдары комитеті жұмыс істейді. Оның құрамына «Сұңқар» студенттер кәсіподағы, студенттер Сенаты, «Көмек» еріктілер қозғалысы, студенттер кеңесі, Болон үдерісі бойынша студенттік бюро, студенттердің ғылыми қоғамы кіреді. Қазіргі уақытта университеттегі барлық ме-режелік іс-шаралар тікелей аталған жастардың қатысуымен

өтеді. Заңгер мамандығы – қиын әрі күрделі, алайда өте қызықты және мәртебелі мамандық. 1934 жылы уни-верситет іргетасы қаланғанда алғашқылардың бірі болып ашылған заң факультеті бүгінге дейін көптеген жаңару мен өзгерісті басынан өткерді. Қазіргі таңда заң факультетінде құқықтану және кеден ісі бойынша маман дайындайды. Студенттерді даярлау үдерісі орта білім және жоғары білім негізінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар заң факультеті студенттерінің магистратура және PhD докторантураға түсу мүмкіндігі бар. Бүгінде заң факультетінің ең күрделі ғылы-ми-тәжірибелік мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін ғылыми әлеуеті жоғары.

Біздің факультетімізде Қазақстан СОРОС қорының қолдауымен Студенттік заң клиникасы ашылды және үздік студенттер халыққа заң кеңесін беру арқылы табысты жұ-мыс жасауда. Заң факультетінде студенттік өмір қызықты әрі мазмұнды. Әрдайым спорттық жарыстар және түрлі конкурстар ұйымдастырылып тұрады. Факультетке қатысты маңызды пункттердің бірі – мұнда сыбайлас-жемқорлыққа қарсы «Саналы ұрпақ», «Сот-сараптама орталығы» сынды студенттер клубы жұмыс істейді. Мұнда студенттермен күш біріктіре отырып, даулы мәселені жоюдың жолдарын қарастыру, әртүрлі тәжірибе, сараптамалар арқылы миссия-ны орындау, жемқорлыққа қарсы тұру, еліміздің әлеуетін шынайы білімге негіздей отырып көтеру назарда ұсталады.

ҚазҰУ тек үздік мамандар ғана дайындап қоймай, нағыз тұлға, адамгершілігі мол, өзінің елін сүйетін, тілі мен ділін сүйетін, оның құндылықтарын бәрінен биік қоя білетін, өресі биік, нағыз адам деген атқа лайық ұл-қыздарды тәр-биелеуде. Осы үшін біз туған жерге, туған елге, дәл осы киелі мекенге мәңгілік қарыздармыз.

Меруерт БИСЕНОВА,
Гүлзагира АТАХАНОВА,
әл-Фараби атындағы ҚҰУ, Қылмыстық құқық,
қылмыстық іс жүргізу және криминалистика
кафедрасының оқытушылары
Нұрмухамед НҰРСАБИТОВ,
1 курс магистранты

АЛИМЕНТ ҚАРЫЗ ЕМЕС, ПАРЫЗ

Ата Заңның 76-бабының 3-тармағы және Қазақстан Республикасының Азаматтық процестің кодексінің 21-ба-бына сәйкес, соттардың шешімдері, үкімдері мен өзге қаулыларын барлық мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар міндетті түрде орын-дауы тиіс. Сот шешімін орындау – сот орындаушыларына жүктелген. Қазіргі кезде сот шешімдерінің орындалу мәселесіне аса мән берілуде. Қолда-ныстағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 669-бабына сәйкес, яғни, сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамаған жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға жиырма

айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.

Сот шешімдерінің орындалмауы сот жүйесінің ғана емес, жалпы, мем-лекеттің өзекті проблемаларының бірі болып саналады. Сондықтан, әкенің балаларына алимент төлеуі мемлекет-тік маңызы бар мәселе екенін естен шығармай, ертеңгі тірегімізге айнала-тын ұрпақтың, келешек отағасы болар ұлдарымыздың борышкер болмауын осы бастан ойластырғанымыз жөн.

Айнұр САКЕНОВА,
Алакөл аудандық №2 сотының бас
маманы, сот мәжілісінің хатшысы
ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ

ТЕМІРҚАЗЫҚ

ТІЛ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Тіл – адам өміріндегі ең маңызды құралдың бірі. Себебі, тілдің қолданыс аясы өте кең. Әрбір ел, әрбір ұлт өз тілін қадірлейді, құрметтейді. Қазақ тілі – қазақ халқының рухани, мәдени байлығы, баға жетпес құнды қазынасы. Халық өзінің ғасырлар бойы жасаған асыл мұраларын ұрпақтан ұрпаққа алдымен ана тілі арқылы табыс етеді.

Мемлекеттік тіл мәртебесі Конституцияда бекітілгендей, мемлекеттік ме-кемелерде іс-қағаздар осы тілде жүргізіледі. Әдетте мемлекет негізін құраушы әрі жердің байырғы иесі болып саналатын халықтың тілі мемлекеттік тіл болып бекітіледі. Ал ұзақ уақыт отар болып, өз тілін ұмыта бастаған кейбір елдерде отарлаушы елдің тілі мемлекеттік тіл болып бекітілген. Мысалы, Үндістанда мемлекеттік тіл ағылшын тілі болса, хинди тілі тек тұрмыстық тіл деңгейінде қалып қойған. Марокконың, Алжирдің мемлекеттік тілі араб тілі болғанымен, ресми тіл ретінде француз тілі онымен бірдей дәрежеде қолданылады. 1993 жылы қабылданған тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясында қазақ тілі мемлекеттік тіл болып бекітілді. 1995 жылы қабылданған Конституцияда да қазақ тілі мемлекеттік тіл болып бекітілді, алайда орыс тілі ресми түрде мемлекеттік тілмен қатар қолданылады.

Мемлекеттік тіл – көпұлтты мемлекетте халықтың ұлттық құрамына қарамай іс қағаздарын, мектеп пен жоғары оқу орындарында оқыту, мәдениет, баспасөз бен байланыс орындарында, құқық қорғау мен әскер бөлімдерінде, сот істерін жүргізу, т. б. міндетті деп саналатын саяси-құқықтық қасиеті бар мәртебелі тіл.

Бүгінгі күні еліміз дамыған елдермен терезесі теңеліп, рухани жаңғыруға алған бағытында мемлекеттік тілдің мәртебесіне, оның бәсекеге қабілеттілігін артты-руға аса мән беріп келеді. Күннен күнге мемлекеттік тілдің мәртебесі жоғарылап, қолданыс аясы кеңеюде. Бүгінде қазақ тілі – татулығымыздың тірегіне айналғаны рас. Сондықтан әрбір азамат мәңгілік еліміздің сарқылмас байлығы – қазақ тілін көзінің қарашығындай сақтап, құрметін арттырса, ұлтымыздың болашағы жарқын болары анық.

А.ГАЙНЕДЕНОВА,
Казталов аудандық №2 соты кеңсесінің
жетекші маманы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

✎ ОҢ КАДАМ

ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА – ҮЛГІ

Д.А.Қонаев атындағы колледждің 3 курс студенттері оқу-ды тәжірибемен ұштастыру мақсатында Офицерлер үйіне саяхат жасап, Ауған соғысы ардагерлерінің ұйымдасты-руымен ерлік сабағын өтті.



Офицерлер үйі – әскери және мәде-ни ағарту орталығы болып саналады.

Мұражайдағы үлкен залдың бірі – 1941–1945 жылдардағы Екінші дү-ниежүзілік соғыстың құрамдас және шешуші бөлігі ретінде мәңгілік тарихқа енген. 72 мемлекеттің қатысуымен және шамамен 62 миллион адамның қаза табуымен ерекшеленген Екінші дүние-жүзілік соғыс адамзат тарихындағы ең қасіретті және ауыр кезеңдердің бірі болып мәңгі есте қалды. Ал Ұлы Отан соғысында Кеңес одағының жеңіске жетуінде қазақ халқының еңбегі зор екендігін мұражай қызметкері нақты деректермен айтып өтті.

Жеңіс күні Қазақстан мен ТМД елдерінде кеңінен атап өтіледі. Бүгінде қатары сиреп қалған майдангерлер-ге деген құрмет ерекше. Өткен та-рихын ұмытпаған елдің ғана болашағы жарқын бола алады. Бүгінгі бейбіт күн-ге жеткізген ата-бабаларымыздың ерлігі ешқашан ұмытылмайтынын колледж студенттері айрықша түсінді.

Аталған мұражайға 1979–1989 жыл-дар аралығында Кеңес әскерінің құра-мында болып, Ауғанстан шекарасында әскери борышын өтегендер өміріне қатысты жәдігерлер қойылған. Қа-зақстаннан Ауған соғысына 22000 адам қатысып, олардың 761-і қаза тапқан болса, 21 адам хабарсыз кеткен. Бүгінгі таңда Қазақ елінде 10000-ға жуық ауған ардагері бар.

Ауған соғысындағы жауынгерлердің ерлік жолдары туралы әңгіме «Көкбай-рақ» Қоғамдық бірлестігінің кеңсесін-

де жалғасын тапты. Бірлестік жетек-шісі, Ауған соғысының ардагері Әуез Бейсенбаев студенттердің соғыстың мүддесі мен түпкі мақсатына қатысты сұрақтарына жауап бере отырып, «бұл соғыс – бір елдің ішкі саясатына басқа елдің араласуынан туындаған соғыс. Біз оған еріксіз куә болдық, қатыстық, боздақтарымыз құрбан болды», – дей келе, қиындығы мен қасіреті мол ауған соғысы кезіндегі жауынгерлік тапсыр-маларын қалай орындағанын, әртүрлі ұлттан құралған әскер қатарының мыз-ғымас достығы мен көрсеткен ерлігі туралы, олардың әрқайсысы интерна-ционалдық борышын қаншалықты адал орындап шыққаны жайлы айтып берді.

Ал 15 ақпан – Кеңес әскерлерінің ауған жерінен шыққан күні ардагерлер үшін тамаша мейрам. Дәл сол күн осы қасіретті соғыста қаза тапқан интер-национал жауынгерлерді еске алу күні болып табылады. «Сондай қиын кезде достасып, бір-бірімізге қамқорлық көрсете білдік. Аман-есен елге оралып, қазір жыл сайын кездесіп, майданнан қайтпаған достарымызы еске аламыз», – деді Ауған соғысының ардагері.

Ардагердің әңгімесінен әсерленіп шыққан студенттердің көзінен ерекше жалын байқалғандай болды. Жауынгер әңгімесі жастардың санасына ой салып, бойына ерліктің рухын, отаншыл-дықтың дәнін сепкендей.

Нұргүл АБДРАМАНҚЫЗЫ,
Д.А.Қонаев атындағы колледж
қызметкері

САҢДЫҚ ЖҮЙЕ

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР СОТ ҚЫЗМЕТІН ЖЕҢІЛДЕТТІ

Сот жүйесіне енгізілген заманауи ақпараттық технологиялар сот төрелігін атқару ісін жеңілдетті. Бұл сот қызметінің ашықтығы мен жариялылық қағидатын ұстанып, халықтың сотқа деген қолжетімділігі мен сенімін арттыруға өз септігін тигізеді.

Сот ісін жүргізуді автоматтандыру және онтайландыру мақсатында «Сот кабинеті» ақпараттық сервисі

іске асырылғанның нәтижесінде сотқа жүгінушілер, барлық арыздарын осы сервис арқылы сотқа жолдауда. «Сот

кабинеті» – бұл сот органдарының онлайн сервистері мен қызметтеріне рұқсат алуға арналған бірыңғай терезе. Ол арқылы азаматқа, оның өкілі немесе адвокатқа өзіне қолайлы кез келген уақытта интернет желісі арқылы арызды (өтінішті), шағым және наразылықты электрондық түрде жолдауға, мемлекеттік бажды онлайн режимде төлеуге,

сот құжатын, сондай-ақ, істің статусын көруге және сот актісінің көшірмесін басып шығарып алуға, сонымен қатар процессуалдық мерзімдерді қадағалауға мүмкіндік берілген.

Дыбыс-бейне жазбасы шеңберінде соттарды бейнеконференция-байланыс жүйелерімен жабдықтау сот төрелігін қашықтан іске асыру мүмкіндігі де іске қосылды.

Сот жүйесінде заманауи технологияларды, оның ішінде жоғарыда айтылған функцияларды пайдалану сот ісін жүргізуді жеңілдетеді, төрешілдік кедергілерді қысқартады, сот органы қызметкерлерінің азаматтармен байланысын азайтады. Бұл сыбайлас жемқорлықтың

қысқаруына септігін тигізеді, халықтың уақыты мен қаражатын үнемдейді, еліміздің халқы үшін сот жүйесінің максималды ашықтығы мен қолжетімділігіне жетуге мүмкіндік береді. Сот жүйесі үшін бұл – сот төрелігін іске асыру үрдісін жеңілдетеді, сот ісін жүргізуді онтайландыру және автоматтандыру, ақпараттық технологияларды дамыту, бюджет қаражатын үнемдеу болып табылады.

Д.УРИНГАЛИЕВА,
Қазталов аудандық №2 сотының бас маманы-сот мәжілісінің хатшысы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ЖАРНАМА

ӨРТУРЛІ

7. «СҚО әкімдігінің ДСБ» КММ «Облыстық жедел медициналық көмек орталығы» ШЖҚ КМК байқау кеңесі мүшелерін сайлауға байқау жариялайды. Кәсіпорын денсаулық саласында өндірістік-шаруашылық қызмет атқарады. Кәсіпорынның мекенжайы: СҚО, Петропавл қаласы, Ульянов көшесі, 98 үй, тел. 8 (7152) 46-53-58

Кандидаттарға қойылатын талаптары жоғары білімінің болуын қамтиды, сондай-ақ, төмендегі талаптар:

1) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымдастыру және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) құқық бейіні бойынша 5 жылдан кем емес еңбек тәжірибесінің болуы;

2) басқарушылық лауазымында денсаулық сақтау саласында немесе ұйымдастыру және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық бейіні бойынша 3 жылдан кем емес еңбек тәжірибесінің болуы;

3) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымдастыру және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында қоғамдық бірлестіктерде мүшесі болу;

Кандидат осы хабарландыру жарияланған күннен бастап, 30 күннің ішінде мына мекенжай бойынша:

Петропавл қаласы, Театральная көшесі, 56А, 23 кабинетке төмендегі құжаттарды тапсыруы тиіс:

- конкурсқа қатысу туралы өтінім;
- мемлекеттік тілде және орыс тілінде түйіндеме;
- ерікті түрде жазылған автобиография;
- кандидаттың жеке басын растайтын жеке куәлігінің көшірмесі;
- жоғары білімі туралы құжаттардың көшірмесі;
- Еңбек кітапшасының (бар болған жағдайда) немесе соңғы жұмыс орнындағы еңбек келісімінің көшірмесі;

- ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі комитеттің аумақтық сыбайласқан құқық бұзушылықтары жоқтығын растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өз біліміне, жұмыс тәжірибесіне кәсіптік деңгейіне қатысты (біліктілігін жоғарылату туралы), білім дәрежесі мен атағын иелену туралы қосымша ақпараттарды, ғылыми шығарымдар, бұрынғы жұмыс орнындағы басшылықтан ұсыныстарды ұсына алады;

Кандидат конкурстық өтінімді хатқалтаға салып «Түпнұсқа» деп белгілеп мөрмен басады. Осы хатқалтада кандидаттың аты-жөні, жесінің аты және мекенжайы жазылуы тиіс. Осыдан кейін хатқалта сыртқы хатқалтаға салынып, мөрленеді. Ішкі және сыртқы хатқалталар.

- тиісті саладағы тиісті органға Петропавл қ., Театральная көшесі, 56А, 23 кабинет мекенжайына жіберілуі тиіс.

«Байқау кеңесі мүшелерінің конкурсы мемлекеттік кәсіпорынның Байқау кеңесінің мүшелері» және «2022 жылы 01 желтоқсан сағат 17.00-ге дейін «Ашпаңыз» деген сөздерді қамтуы тиіс.

Конкурстық өтінім мемлекеттік және орыс тілінде бір данада жіберіледі. Байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу бойынша конкурс 2022 жылы 1 желтоқсан сағат 17:00-де төмендегі мекенжайда өткізіледі: Петропавл қ., Театральная көшесі, 56А, 23 кабинет. Анықтама телефоны: 8(7152)-46-94-91.

13. «Eurasian Vector» (БСН 171240001635) өзінің «TRANSLOGICOM» ЖШС-не (БСН 171140037672) қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Р.Қошқарбаев даңғылы, 1/2 ғимарат, «Downtown» БО, «Manhattan» блогы. Тел.: 87081019376.

3. 2022 жылғы 30 қарашада сағат 10.00-де «Жана Жер Шығыс» ЖШС-нің қатысушыларының жиналысы өтеді. Өтетін орны: Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Бородулиха ауданы, Таврия ауылдық округі, Буркотово ауылы, Советская көшесі, 16 үй.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе: «Жана Жер Шығыс» ЖШС-ның құрамынан шығу.

5. «МКҰ Фридом ФИНАНС Кредит» ЖШС-гі компанияның қарыз алушыларына заңды мекенжайының өзгергені туралы хабарлайды. «МКҰ Фридом ФИНАНС Кредит» ЖШС Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 115 үй, 2 қабат, МКҰ кеңсесі мекенжайында орналасқан.

6. «Колеса» ЖШС заңды тұлғаның «Колеса» акционерлік қоғамы болып қайта құрылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Шевченко көшесі, 157/4.

18. Рудный қаласы, Гагарин көшесі, 17-80 мекенжайында тұратын 11.03.1962 жылы туған Лизунова Елена Михайловна, 03.02.1981 жылы туған, жоғалу кезінде «База вторсырья» мекемесінде газбен және электрмен дәнекерлеуші болып жұмыс жасаған, Қостанай облысы, Рудный қаласының тумасы, Лизунов Вячеслав Викторовичті хабарсыз кетті деп жариялау туралы арызбен Қостанай облысы Рудный қаласының сотына жүгінді. Лизунов Вячеслав Викторовичтің жүрген жері туралы мәліметті немесе басқа да ақпаратты білетін адамдарға хабарландыру берілген күннен бастап үш ай мерзімде Рудный қаласының сотына хабарлауды немесе 87471856357 телефоны бойынша хабарласуды сұраймыз.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

Е-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73
www.gazetysaiity.kz, e-mail: vs gazety@mail.ru
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривильева Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argdawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: 8(7152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

Баспасөз – 2023



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғмыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 3638,40 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 7276,80 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 3844,80 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 7689,60 ТЕҢГЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4538,40 ТЕҢГЕ , 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9076,80 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4744,80 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9489,60 ТЕҢГЕ

✉ zanreklama@mail.ru

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

**ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ
ТӨТЕ ЖОЛЫ**
**«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының
жарнама бөліміне хабарласыңыз
немесе zanreklama@mail.ru
электронды поштасына жолдаңыз.**

☎ **ТЕЛЕФОН: 292 43 43, 8 708 929 9874** ☎

ЖОҒАЛТУ

15. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімінің «Рыков атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Шығыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы» ММ 24.12.2021 ж. берген №П-663(к) жарғысы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын. Ұйымның БСН 000740002635.

МҰРАҒЕРЛІК

9. 2022 жылғы 14 мамырда қайтыс болған азамат Қаржауова Гульдариганың артынан мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Атырау қаласы, М.Баймұханов көшесі, 41 А үй, н.п-1 б мекенжайы бойынша нотариус Р.Т.Камзағалиеваға хабарласуларын сұраймыз.

4. 21.04.2022 ж. қайтыс болған аз. Асанов Сәкенге қатысты мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлеріне және мүдделі тұлғаларға, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығында орналасқан жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласуларыңыз қажет. Тел.: 87014743502.

Есенгірегендей халінен арыла алмай, трактордың жанында қанша отырғанын білмеді. Кенет бұлдыраған жанарына қарсы алдында жатқан балтасы шалынғанда, есіріктене орнынан атып тұрған. Содан соң еңкейе бере балтаны жұлып алды да, құлашының жеткенінше беталды ышқына лақтырды. Әлгінде ғана осы балтамен Әмірбекті омыртқасынан қырка ұрып, құлындаған дауысын шығарып жалпасынан түсірген. Өне – ол. Бұдан бір-екі метр жерде, «Беларусьтің» алдыңғы дөңгелегіне тақала құлаған күйінде өліп жатыр.

Екеуі бұрыннан бакталас па, әлде мына бес жүз гектар шабындық үшін текетірес басталғаннан дұшпанға айналды ма? Соңғы үш жылда шөп орағы біткенше екеуі ырылдасумен өткізді әр күнін. Биылғы жылдың басында Парламенттегі көкесі телефонмен сөйлесіп: «Әлгі Хамиттың баласымен таласатын бес жүз гектар шабындық басыбайлы біздікі болады. Аудан әкімімен пәтуаласып қойдым. Енді оны маңыңа жолатпа» деген. Сонда көкесіне ризалықтан, төбесі көк тірегендей көңілі шалқыды-ау. Әмірбекке сыртынан дөңайбат жасап, күшінді көктемде көремін деп тұлан тұтатын іштей. Шалғынға орақ салғанша он бес күн бар еді. Сол қарбалас науқан басталғанша мал қорасын бүтіндемек үшін балтасын қайрап, жыңғыл шаппаққа шыққан бүгін. Жол-жөнекей бір қиырдағы шабын-



– Онда мынадай болады, – деп ақылын бұған ашүмен долданғаны ма, әлде депутат көкесіне арқа сүйегені ме, оның тракторының алдыңғы кана-

ТЕРГЕУ АЯҚТАЛҒАН ЖОҚ

дықты сыртынан байқамақ ниетпен ауыл мен екі арадағы ұзыннан ұзақ созылған биік қырға көтерілген. Одан әрі таңғы араймен көмкеріліп, көкорай шалғынға оранған сазды өңірді шола қарағанда, көз ұшында көлбеңдеген «Беларусьтің» сұлбасын байқады. Кұйқа тамырлары шымырлай, бұрқ еткен ызадан тұла бойы дуылдасын. Тракторының тұмсығын жыңғылға емес, шабындыққа қарай кілт бұра заулатты. Екпіндей келіп тоқтасымен бірден балтасын ала түскенде шауып өлтіремін деген ой санасында болды ма, жоқ па, білмейді. Бірақ Әмірбектің күші әлдеқайда басым екені өзіне белгілі болғандықтан, сол сәттегі пиғылы жазым етуге емес, дөңайбат жасамаққа ауды-ау.

– Не болды-ей! Өзің де, тракторың да сонша жұлқынып. Балтаң не анау? Шөпті сонымен шаппақысың?! – деп мысқылдай күлген Әмірбекке:

– Шабындықтың дәл іргесіне елден бұрын неғып қойдың тракторыңды? Қазір әкет, әкетпесен темір деместен шабамын, оған көнбесең, өзінді де шауып жіберуден кет әрі емеспін, – деді қызыл көздене долданып.

– Әй, шапқышбек. Жылдағы текетіреспен орып жүрген шөбіміз ғой. «Ырылдарсың – қаппассың, менен артық таппассың» дегендей ырылдаспайық. Жаздай «екеуінің басы піспейді» десетін жұрттың жаманатына, күлкісіне ұшыраймыз. Әйтпесе жетіп жатыр ғой шөп.

– Биыл жетпейді. Сен табаныңды жалтырат, өйткені, бұл бес жүз гектар бүгіннен бастап тек менікі.

– Мен естімеген бұл сөзді кім, қашан айтты?

– Естімесең, енді естисің. Тракторыңның дөңгелегін шабындыққа емес, үйіңе қарай бұр да, тып-тыныш кетсейші.

– Кетпесем не болады? – деген Әмірбектің сөзінің соңын ала:

тын көздей балтаның шұйдесімен бір қойды. Даңғыр еткен дауыс шықты. Жалт қарағанда дөңгелектің қанат темірінің көк бояуы шашырай қарайып майысқанын көрген Әмірбектің жуан жұдырығы иегінің астынан тиген Тұтқыш шалқасынан құлаған. Бірақ жанұшыра қимылдап, орнынан жұлқына көтерілгенде, әлгіндегі сокқыдан қолынан әлдеқайда ұшқан балтасының дәл жанында қара жерді қарс айыра қадалып тұрғанын көзі шалды. Темірдей жұдырық тигеннен санасы әлі де алабұртғынқыраса да, балтаны жалма-жан қос қолдай қыса ұстаған күйде аласұра Әмірбекті іздеді. Іздеген адамы қарсы алдында бұған арқасын беріп, тракторының майысқан темірін қозғап жатыр екен. Одан әрі ештеңе ойламаған Тұтқыш жүзі жалтылдаған балтаны Әмірбектің бел тұсынан құлаштай сілтеді. Балтаның гірш етіп сүйекке кірген дауысын анық естіген мезетте, шыркырай шыққан жан дауысы пышақ кескендей шорт үзілген Әмірбек те тракторының дөңгелегін айналдасына қараған. Қалтасын сипалай зормен шығарған телефонын қолы дірілдей эзер ашқанда, экраннан депутат көкесінің есімін оқыды. Қосты.

Шың-шың еткен екі құлағын баса өзіне-өзі келе алмай отырған Тұтқыш телефонының ұзақ-ұзақ шырылынан соң ғана басын көтеріп айналдасына қараған. Қалтасын сипалай зормен шығарған телефонын қолы дірілдей эзер ашқанда, экраннан депутат көкесінің есімін оқыды. Қосты.

– Шөп орақты бастадың ба? Көкорайлы кезінде орып жинап алған дұрыс. Бес жүз гектарды басыбайлы меншіктенетінімізді есірткенде, әлгі тыныштық таптырмайтын Хамиттың жетесізінің үні өшкен шығар.

– Өшті үні, – деп қалды бұл еркінен тыс сөйлеп.

– Өшкені дұрыс. Енді алаңсыз кіріс шабындығыңа. (Сол бес жүз гектардың түп иесі өзі болмаса да көкесінің «шабындығыңа» деп бұған тели сөйлеуі алабұртқан көңілін ширатты).

– Биылғы шөпті жылдағыдан да молайт. Жемді өзім жеткіздіремін. Бес жүз бас қойды мың басқа өсіреміз. Ірі қара да бордақылаймыз. Жалпы келешекте сол «Қызыл судың» аумағын түгел иеленіп, бес мың бастық мал бордақылау алаңын ашамын. Бастығы өзің боласын. Қаржыдан қам жеме. Акша бөлетін тендер мәселесін Астанадан түйіндеудемін. Жерді кеңейтуді жаңадан тағайындалған әкіміңмен де ишараласып қойдым. Ол да өзіміздің бала. Айтқанымды екі етпейді.

(Жерді кеңейтерсіз-ау. Ал жайылымның тәксіретін тартып шуылдасқан ауылдағыларды қайтеміз сонда? Тағы да біреуді балталаймыз ба? деп суық жымсиды Тұтқыш).

– Өзім де ел жаққа уақыт ұзатпай барармын. Әй, сен неге сөйлемейсің. Әлде Хамиттың ұлы жаныңа жайғасып, алқымыңды езіп отыр ма?

– Жок, көке, оның алқымын мен езіп тастағанмын.

– Жарадың онда. Жөнімен жөнелді ме?

– Ешқайда жөнеле алмайды, көке. Төбелесіп, бөлінен балтамен шауып жіберіп, өлтіре салдым оп-онай.

– Не дейсің?! Өлтіргенің қалай? Сәл шыдасаң, өзі-ақ далада қалатын еді ғой.

– Болары болды, көке. Енді малыңызды бағатын, шөбіңізді оратын басқа іні іздегеніңіз жөн. Мен шаруашылығыңызға бұдан әрі қарай алмаспын. Қазірден түрмеге кете беруге дайынмын. Сөйтіп құдай төбемнен қос қолдап ұрып отыр, көке, – деген Тұтқыш сықсындап жылады.

– Қатын құсап жылағаны несі-ей

мынаның!? Ата жауындай айқасқан адамыңды өлтіріпсің. Соған да жылмай ма екен? Екеуіңнің төбелесіңді көрген адам бар ма?

– Құлқын сәріден айдалада кім болушы еді? Екеуіміз ғана.

– Онда мені тыңда. Зангер ретінде сенің құлағыңа құятыным, көрген куәсі жоқ мұндай қылмыстың талайы жабылып кеткен. Біз де солай етеміз. Енді тек маған ғана сенесің. Әлгі пәлекеттің денесі қайда жатыр?

– Тракторының алдында.

– Ақыры қолыңды былғапсың. Дереву бас амандығыңды жаса. Ол үшін дөңгелектің алдында жатқан Хамиттың баласының қолына трактордың бір клюшін ұстат. Содан соң өзін балталаған омыртқасын жобалай «Беларусымен» басып өт те тоқтат. Сонда жөндемекке әрекеттенген Хамитұлының тракторы оқыстан жүріп кетіп, иесін басып өлтірген болады. Айтпақшы балтаң қайда?

– Лактырып жібергенмін.

– Алысқа лақтырып па едің? Қазір оны іздеп уақыт кетірме. Бірақ кейін қалайда тауып құрт. Оқиға орнында қалмасын. Енді ештеңеге аялдамай жаңағы менің айтқандарымды жылдамдатып істеп, ол маңайдан табаныңды жалтырат. Қашан басқалар әлгінің өлігін тауып алғанша, шабындыққа аяқ баспа. Маған барлық жағдайды хабарлап отыр. Әй, неге үндемейсің. Түсіндің бе айтқандарымды? Әлде түрмеге өз еркіңмен кіре салмақсың ба?

– Түрмесі құрысын. Құтқарыңызшы, көктей!

– Әй, мен саған манадан бері сол құтылудың жолын ездім емес пе? Дереву айтқандарымды орында, – деді депутат көкесі.

Ертеңгі асқа дейін оралатынын ескертіп кеткен Әмірбектің кешік-

кеніне алаңдаған әйелі қайнысын оятты.

– Күн шықпай шабындықты бір шолып қайтайын мал түспеп пе деп тракторына мінген ағаң тал түске айналды, әлі жоқ. Көлігінің бірденесі бұзылып, жолда қалды-ау. Әйтпесе мұншалықты кідірмес еді. Телефонын да үйде ұмытыпты. Дырылдағыңды дыр еткіз-дағы, дереу барып біле қойшы, – деген жеңгесінің сөзінен соң, мотоцикліне отырған Кәдірбек көз ұшынан «Беларусьті» байқады. Заулатып жеткенде трактор дөңгелегінің астында қанға бөгіп жатқан ағасын көрісімен, шошына айқайлап ауылға қарай құйын перен жаяу жүгірді. Аз ғана тоқты-торымының шабындыққа дөнікпеуі үшін алдын қайырмалаған Өмір қария айқайлаған үні бір тынбай боздаған Кәдірбекті көзі шалысымен, атын желдірте шауып алдынан шықты.

– Ата, Әмірбек көкемді тракторы басып кетіпті, өліп жатыр, – деуге ғана шамасы жеткен Кәдірбек жол табанына сұлқ құлады.

Жаманат хабар жата ма, жұрт демде құлақтанып, ауыл абыр-сабыр болды. «Бұл – оқыстан болған жазым. Андыған ажал алып тынды деген осы. Зілдей темірдің астында мыжылып, қиналып өлген бейшараны одан әрі азаптамай, мәйітін бесінге дейін жер бесігіне бөлек. Жаны тыншу тапсын. Жер жұмсақ қой әлі. Қабірін тездетіп даярласын»,

– деген ауыл молдасының сөзіне ұйыған көп іске жұмылды. Бірақ сүйекті жууға кіргендердің бірі бауыры Сәдірмек еді. Мәйітті жуудан шыққан ол: «Ағайындар-ау! Екі омыртқасы қиғаштай кесілген ғой. Сүйектері жаңқаланып терісін жыртып тұрғанын байқадым. Трактор басқаннан бұрын қастандыққа ұшыраған-ау!» деп дауыстай жылағанда, жаназаға жиналғандардың бәрі дерлік бірден Тұтқышқа қарады. Қыдыбықтаған ол ештеңе естімегендей, қайғырған түр таныта аяғының басына үңілген күйінен еңсесін көтермеді. Жаназа тоқтатылып, аудандық полицияға жедел хабарланды. Тұтқыш та іле-шала Астанаға телефон шалды. Оның Парламенттегі көкесі Бастыбұлақ ауданының әкімі Дайыновты байланысқа шақырды.

– Менің «Қызыл су» ауылындағы шағын шаруашылығымды жүргізетін Тұтқыш есімді інішегім бар. Шаруа баққаннан басқамен ісі жоқ, бірсыдырғы жігіт. Ауылға жол түскенде өзіңмен таныстырамын. Ал енді сол інішекпен жерге таласып, тыныштық таптырмайтын біреу шөп орағы басталудан бұрын шабындыққа барып, пысықтық жасамақ болған екен. Сірә, асыққанына көрінгені шығар, тракторының бір бөлшегі сынса керек. Сонысын жөндемекті амалдап жатқанда, техникасы өздігінен қозғалып кетіп, месін басып өлтіріпті. Ауылдағылар оның ажалын екеуі бұрыннан ерегісіп жүрген деп Тұтқыш Рақышұлына жорып, жала жаппаққа кіріскен екен. Сөйтіп, аудандық полицияға арыз жөнелтіпті. Осыны бақылауыңда ұстағын. Ауыл шуылдады деп, бетімізге шіркеу түсіріп алмайық, – деп бір-ақ тоқтады.

Бағдат ҚАЛАУБАЙ
(*Жалғасы бар*)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Алматы облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Ақтөбе облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Атырау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Маңғыстау облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Қызылорда облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Түркістан облысы	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.
Батыс Қазақстан облысы	

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана
Тапсырыс №158 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.
Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31